



№4 (154), 2021
(Сәуір-Апрель)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

С. ҚОЖАЕВА

Психология ғылымдарының докторы, профессор Ерментаева
Ардақ Ризабекқызының 60 жылдық мерейтойына орай3

А. ЖАЙЛАУОВА

Әлеуметтік педагогтың тәуекел тобындағы жеткіншектермен
жұмысы5

Г. АЛСЕЙТОВА

Мектептегі педагог-психологтың қызметі мен жұмыс жүйесі.....9

М. ЕРГАРАЕВА

Ересек топ балаларын театрландырылған іс-әрекеттер арқылы
ынтымақтастыққа тәрбиелеу мәселелері13

А. ТҰРСЫНБЕК

Жоғары сынып оқушыларының цифрлық сауаттылықтарын
қалыптастырудың психологиялық маңызы16

С. АБАЙДИЛЬДАНОВА

Музыкалық білім мен тәрбие берудің психологиялық маңызы.....19

Н. АБИКЕЕВА, А. ӘЛДИБЕК

Метафоралық «Мен» тренинг бағдарламасы.....21

М. БЕДЕРОВА

Оқушылар арасында агрессивті мінез-құлықтың алдын алу26

Б. ЖАНЫМХАНОВА

Үш жасар баланың танымдық қызметін дамыту бойынша
ата-аналарға арналған нұсқаулар.....30

Ж. ИРГАЗИЕВА

Психокоррекциялық жұмыс.....33

А. КАКИМЖАНОВА

Бастауыш сынып оқушыларына арналған психологиялық
тренинг35

Н. КЕНЖЕГАЛИЕВА

Ұжымға арналған психологиялық тренинг38

Б. СИХОВА

Ұжыммен жүргізілетін психологиялық қарым-қатынас41

Г. САГИНБАЕВА

Мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларына психологиялық
қолдау44

Ақпараттық хат45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

11. 04. 2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Қ. Жарықбаев – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰУ)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор (Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф. (Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф. (Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф. (Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог (Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
Кубигул ЖАРИКБАЕВ

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 11. 04. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Психология ғылымдарының докторы, профессор Ерментаева Ардақ Ризабекқызының 60 жылдық мерейтойына орай

С.Қ. ҚОЖАЕВА

Осындай ілімді жандардың бірі туралы әңгімелесу – он ойлануды, тоқсан толғануды талап етеді. Салиқалы өмірін саралап, саф алтындай мінезді кісінің өзім білетін салмақты тұстарының кейбір жәйттерін айтуды жөн көрдім.

Туған жер сағынышты Өскеменім,
Атағың, даңқың шыққан елге мәлім.

Фабрика, алуан түрлі, завод орнап,

Байлығын келтіріп тұр елдің сәнін, – деп Зияда ақын жырлағандай осы өңірдің тумасы Ерментаева Ардақ Ризабекқызы 1961 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында дүниеге келген.

Әкесі Ризабек Ерментайұлы кеңестік заманда мәскеулік жоғары білімі бар, ерекше зиялы тұлға ретінде танымал болып, Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында педагогтік, компартиялық, әкімшілік қызметтер атқарған. Ал анасы Гулзада Мұқтарқызы мектепте, бала бақшада қызмет жасаған.

Ардақ Ризабекқызы 1978 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Боран орта мектебінде білім алып, осы мектепті алтын медальмен тәмамдаған.

1982 жылы ата-анасының үмітін ақтап, Өскеменнің алдыңғы қатарлы педагогикалық институтының «физика-математика» факультетіне оқуға түседі. Студент кезінен студенттік ғылыми конференцияларға қатысып, өзінің ғылымға икемділігін көрсетіп, университетті «қызыл дипломмен» тәмамдады.

1982-1989 жылдары өзі бітірген Шығыс Қазақстан облысындағы Боран орта мектебіне педагогтік қызметін бастайды.

1989-2010 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «психология» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, профессорлық деңгейге дейін көтеріліп, психология саласында алғаш рет «Психологиялық консультация негіздері», «Выполнение заданий по психологии в период педагогической практики», «Педагог-практиканттарға арналған психологиялық зерттеулер», «Тренинг педагогического общения: этнопсихологический под-

ход», «Психоконсультациялық сұхбат», «Психология» мамандықтары бойынша практикалар, «Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері», «Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау», «Балаларға арналған психологиялық технология», т.б. сияқты еңбектері жарық көреді.

1991-1995 жылдар аралығында Мәскеу қаласындағы Ресей білім беру Академиясының «білім беру саласындағы педагогикалық теория және халықаралық зерттеулер» Институты аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқиды. Ресей білім беру Академиясының диссертациялық кеңесінде республикада алғаш рет «Педагогикалық қарым-қатынасты психологиялық тренинг арқылы жетілдіру» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды.

1998-2003 жылдар аралығында С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «психология» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарған кезінде «Психология» мамандығы бойынша тұңғыш рет қазақ тілінде студенттерді дайындау бөлімінің ашылуына себепші болады. Осы кезде студенттер контингенті бірнеше есеге артып, мамандар қатары толығып, ғылыми-зерттеу орталықтарын ашып, зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алады. Оған дәлел, «Бөбек» балалар қорының Президенті Сара Алпысқызы Назарбаеваның басшылығымен жүзеге асырылып келе жатқан «Өзін-өзі тану» республикалық жобасының психологиялық бағытта тұжырымдамасын алғашқылардың бірі ретінде жүзеге асырып, осы бағытта зертхана құрылып, оқытушылардың ғылыми-әдіснамалық тағылымдамадан өтуіне жағдай жасайды.

Болашақ мамандардың әлемдік психология қорын танып-білуі үшін республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында республикадағы психолог-зерттеушілерді ұйымдастырып, әлемдегі бірегей теориялар, идеялар, тұжырымдамалар тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып, «Адамзаттың ақыл-ой қазынасы» айдарымен 10 томдық аса құнды еңбектің 3-томы 2005 жылы жарық көрді.

2008 жылы «Педагогикалық психология» мамандығы бойынша «Студенттерді субъект-бағдарлы дайындау» тақырыбында психология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің диссертациялық кеңесінде докторлық ғылыми жұмысын сәтті қорғап шығады.

А.Р. Ерментаеваның еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланып келеді: 2009 жылы «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, 2017 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атанды.

Бүгінгі таңда Ардақ Ризабекқызының жетекшілігімен Ж.Қ. Әубәкірова, М.Д. Ауренова, А.З. Теңкебаева, Қ.Д. Қанапиянова, Л.О. Баймолдина, т.б. сияқты ғалымдар еліміздің әр аймағында қызмет жасауда.

А.Р. Ерментаеваның ғылыми басылымдарда 300-ге тарта еңбектері жарық көрген, соның ішінде Қазақстанда, АҚШ-та, Жапонияда, Латвияда, Польшада, Пакистанда, Түркияда, Ресейде, Белоруссияда және басқа шет елдерде жарық көрген монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдардың авторы.

Бүгінгі таңда тағылымы мол ұстаздан білім алған Қазақстанның барлық аймақтарында Ардақ Ризабековна Ерментаеваның шәкірттерінен тек шексіз алғыстар мен мақтауларды естуге болады. «Ақылды туған қыз бала батыр туған ұлмен тең», - деген халық даналығы дәл осы Ардақ Ризабекова сияқты елі үшін еңбек еткен қыздарға арнап айтылған. Осы 60 жасқа толу мерей тойы қарсаңында «Олжалы қазан ортаймас, қадірлі адам қартаймас» деген халқымыздың даналық сөзі ойға оралады. Сіздің жастарға берер біліміңіз бен тәрбиеңіз әлі алда, - дегіміз келеді.

Әлеуметтік педагогтың тәуекел тобындағы жеткіншектермен жұмысы

А. ЖАЙЛАУОВА

Қазіргі уақытта «*тәуекел тобы*» жасөспірімдермен психологиялық-педагогикалық жұмыс өзекті мәселелерінің бірі *әлеуметтендіру* болып отыр. «*Тәуекел тобы*» ұғымы – көпсалалы үдеріс болып табылады. Бұл сала педагогика, психология, әлеуметтік психология, әлеуметтік педагогика, әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс, девиантология, девиантты мінез-құлық педагогикасы пәндері негізінде оқытылады. «*Тәуекел тобындағы*» балаларға психикалық немесе әлеуметтік бейімделуі бұзылған, сондай-ақ айқын агрессивті мінез-құлқы және басқа да делинквенттілік нысандары бар балалар жатады. «*Тәуекел тобы*» жасөспірімдерінде тұлғаның құндылық-нормативтік ұстанымы қоғамда жалпы қабылданған нормалар мен ережелерден ерекшеленеді, бұл қоршаған ортамен өзара әрекеттестікте қиындықтарға, басқалардың нұсқауы бойынша өмір сүру әдетіне, сезімнің кері әсеріне, масылдыққа, тәртіпті өрескел бұзу көріністеріне байланысты екені мәлім. Девиантты мінез-құлықтыларды зерттеушілер көне заманнан бастау алып қазіргі кезеңге дейін зерттеліп келеді. Жалпы девиантты мінез-құлық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдарда пайда бола бастады. Бастапқыда ғылыми саласында

емес, қарапайым тұрмыстық өмірде қолданылып жүрді. Біршама уақыт зерттелу жұмысы тежеліп 1950-1960 жылдардың басында қайта қарастырыла бастады. Девиантты мінез-құлық оның ішінде жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық мәселелерін зерттеу XIX ғасырда Ч. Ломброзоның еңбектерінен бастау алады.

Қазіргі кезеңде мінез-құлқында ауытқуы бар жасөспірімдер өте көп. Олар қимылымен, орынсыз айқайымен, ұйқысының нашарлығымен сипатталады. Көптеген ғылыми еңбектерде *«Қиын бала»*, *«тәуекел тобындағы бала»*, *«қауіп-қатер тобы»*, *«ауытқушы мінез-құлықты балалар»*, *«девиантты мінез-құлықты балалар»*, *«қиын өмірлік жағдайындағы балалар»*, *«ата-ана қамқорынсыз қалған балалар»*, *«қоғам тәрбиесін керек ететін балалар»*, *«мемлекет тарапынан көмекті қажет ететін балалар»* және т.б. деген ұғымдар кездеседі.

Ең алғаш осы мәселені П.П. Бельский (1917-1924) зерттеді. Ол 30 жыл уақытын мінез-құлқы шамасынан ауытқыған, кәметке жасы толмаған, заң бұзушы балалар мен жасөспірімдердің ішкі әлемін зерттеуге арнады. Ал девиантты мінез-құлықты балаларды әлеуметтену мәселесін француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм қарастырды. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынды. *«Аномия»* термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы. *Анома* – мемлекеттің өз азаматтарының жүріс-тұрысын басқара алмай қалуын білдіреді. *Анома* сөзі грек тілінен аударғанда заңсыз қалыпсыз, басқарусыз деген мағынаны білдіреді. *Девианттық мінез-құлық* белгілі бір қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік нормалардың ауытқу және артынан құқықты және қоғамдық шараларды ілестіруші адамдардың іс-әрекеті. Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндірді. Ауытқушы мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді:

Біріншіден, бұл анық немесе жасырын психопатологияның барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез-құлық.

Екіншіден, бұл әлеуметтік, мәдени және әсіресе құқықтық қалыптарды бұзатын ассоциалды мінез-құлық. Әлеуметтік-психологиялық белгілерге сүйене отырып, В.В. Ковалев девиантты мінез-құлықтың төрт түрін бөліп көрсетті:

- *Тәрбиеге қарсы тұру*, бұл мектепте немесе оқу-тәрбие мекемелерінде тәртіп және күн тәртібін бұзуы, яғни мұғалім мен оқушылар арасындағы дау-дамайлар, сабаққа себепсіз кешігу және қатыспауы кіреді.

- *Қоғамға қарсы тұру*, көпшілік мақұлдаған адамгершіліктік-өнегелі нормаларын қабылдамау болып табылады. Бұл сабақтан бас тарту, үлкендерді тыңдамау, қаңғыру, ерте кезден бастап жыныстық қатынас өміріне түсу, темекі шегу, есірткі және ішімдіктерді қабылдау.

- Құқыққа, қарсы тұру (делинквентті мінез-құлық), заңға, құқыққа қарсы қылықтарды жасау, яғни ұрлық жасау, ақшаны қорқытып алу, көлік және оның жабдықтарын ұрлау, қылмыс жасау.

- Аутоагрессивті жиі қыр көрсетіп немесе ақиқатты түрде өзін-өзі елтірушілік.

«Тәуекел тобындағы» балаларды көбінесе «қиын балалар» деп атайды, өйткені олар құрдастарын да, мұғалімдерді де түсінбейді, агрессивті, көбінесе сәтсіздікке ұшырайды, өйткені бала өзін басқа балалар сияқты емес, сәтсіз сезінеді. Бұл жағдай балаларды әлеуметтік бейімделе алмауға әкеледі.

Л.К. Керімов 1992 жылы «Қиын жеткіншектерді жеке-дара қайта тәрбиелеудің теориясы мен практикасы» ғылыми еңбегінде «қиын балалар» қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында дәрі-дәрмек беру арқылы қозу күйін тежейтін балалар жатады» деді. Тәуекел тобындағы жасөспірімдермен жұмыс жасау барысында әрбір баланың психологиялық – физиологиялық даму бағыттарын ескеру қажет. Г. Қалиева «Қиын» оқушыларды әр түрлі жағымды істерге қатысуға тарту арқылы оларды табысқа жетелеу мәселесінде, «қиын» оқушыларды қайта тәрбиелеу дегеніміз оның жағымсыз әдеттерін жағымды әдептерден шығарып тастау. Оқу жасындағы балалардың негізгі айналысатын істері – оқу, еңбек ету қызметі мен қызыққан ісімен айналысу, сондықтан «қиын» оқушыларды мектепке қайтару, оқуға қызығушылығын арттыру – аса күрделі және педагогтің беделін де арттыратын іс.

«Тәуекел тобы» оқушыларының ерекшелігі жағымды әрекеттерді ажырата алмай қажетсіз іс-әрекет факторларына ауып кетуі. Қоршаған ортада бала тәрбиесінде әлеуметтік тәуекел бірнеше топтарға бөлініп қарастырылады:

- Әлеуметтік-экономикалық фактор;
- Медициналық-әлеуметтік фактор;
- Әлеуметтік-демографиялық фактор;
- Әлеуметтік-психологиялық фактор болып бөлінеді.

Л.Я. Олиференко тәуекел тобының жасөспірімін анықтау жағдайларын ұсынады:

- Дамуында проблемалары бар, бірақ клиникалық патологиясыз балалар;
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Қолайсыз отбасыларда тәрбиеленетін балалар;
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін балалар;
- Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық бейімделуі бұзылған балалар деп қарастырады.

«Тәуекел тобы» жасөспірімдердің жалпы жіктелмесінде үш фактор бойынша бөлінеді:

- Медициналық – бұл мүмкіндігі шектеулі балалар, яғни соқыр, саңырау, ақыл-ой кемістігі, аутистер және т.б.;

- Психологиялық – бұл эмоциялық, зияткерлік, мінез-құлық даму салаларында проблемалары бар балалар;

- Әлеуметтік – бұл тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балалар, жетім балалар. Психологиялық фактор бойынша «тәуекел тобындағы» жасөспірімдер психикалық дамуы *тежелген, оқудағы қиындықтар, дарындылық, гиперактивтілік, мазасыздық, тұйықтық, агрессиялық көріністегі* балаларды жатқызуға болады. «Тәуекел тобы» балалары төмендегідей категорияларға бөлінеді:

Медициналық:

- Ішкі мүшелерінің созылмалы ауруы бар;
- Есту, көру, сезу мүшелерімен байланысты аурулар;
- Жиі және ұзақ уақыт ауырады (жылына денсаулық жағдайына байланысты оқу үрдісінен 40 сағаттан артық қалуы);
- Психоневролог тізімінде бар оқушылар және т.б.

Әлеуметтік:

- Асоциалды отбасында өмір сүреді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы;
- Қоршаған орта немқұрайлы және агрессивті түрде қарайтын отбасылар;
- Босқындар отбасы (тілдік және бейіндік мәселелер);
- Жаңа мектепке көшкен оқушылар.

Мінез-құлықтық:

- Әлеуметтік нормадан тыс іс-әрекеттер;
- Әлеуметтік ортада өз құрдастары, ұстаздары, ата-аналарымен қарым-қатынасқа түсуде қиындықтар;
- Қорқыныш симптомы өте жоғары.

Педагогикалық:

- Оқу үлгерімі өте нашар;
- Себепсіз сабақтардан қалады, тапсырмаларды орындамайды.

Жасөспірімдер девиантты мінез-құлыққа бейім, бұндай жағдай кейін баланың «тәуекел тобына» түсуіне әкеледі, сондықтан жасөспірімдік кезеңдегі балаларға мектепте педагог-психолог, әлеуметтік педагог және тағы басқа мамандар да ерекше назар аударып отыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Акажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика. Монография. – Алматы, 2011. - 114 с.
2. Джаманбалаева Ш.Е. Социальные проблемы девиантного поведения.

ния (на материалах РК). Дис. канд. социол. наук. – Алматы, 1996. - 121 с.

3. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования. Дис. канд. социол. наук. – Алматы, 1999. - 161 с.

4. Керімов Л. Қиын баланы қайта тәрбиелеу. – Алматы: Рауан, 1996. -77 б

Мектептегі педагог-психологтың қызметі мен жұмыс жүйесі

Г. АЛСЕЙТОВА

Педагогика-психология мамандығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім беру мекемелеріне педагог-психолог мамандығын енгізу туралы нұсқау хаты негізінде, еңбекақы қорынан жалақысы бекітілген, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы үкіметінің бұйрықтары мен қаулыларына сүйеніп жұмыс атқарады.

Педагог-психолог мамандар қоғамдағы саяси-экономикалық жағдайларда кездесетін келеңсіз үдерістермен күрес жүргізе алатын күрескер де бола білуі қажет. Мектеп педагог-психологы жалпы, орта және көсіптік білім беретін мектептердің жұмыстарын көрсететін құжаттар мен материалдарды, педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы туралы арнайы әдебиеттерді, қазіргі психодиагностиканың және психологиялық түзетудің әдістерін пайдаланып, зерттеу материалдарын талдауды, педагогиканың, дидактиканың сабақ беру әдістемесінің, дефектологияның негіздерін білуге, мектептің психологиялық қызметі құжаттарының толтырылу тәртібін, мектеп құжаттары мен нормативті құжаттарды білуге тиісті. Демек, олардың жеке басының әділдік, тапқырлық, қамқорлық, шыдамдылық, адамшылық, кең пейілдік қасиеттері басым болуы қажет.

Психологиялық қызмет – оқу-тәрбие процесі мен әлеуметтік жағдайының дамуын ғылыми психологиялық тұрғысынан қамтамасыз ету, яғни даралық даму мен тәрбиені қазіргі психологиялық – педагогикалық теориялар негізінде осы процесті құру және өткізу, ұйымдастыру, сондай-ақ барлық білім беру процесіндегі оқушылардың салауаттылығын сақтау үшін психологиялық жағдайды қамтамасыз етуі тиіс. Психо-

логиялық қызмет көрсетуде оқу-тәрбие процесін басқарудың қажеттілігін ескеру қажет. Мұнда оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті мен қызығушылығын туғызу, білім беру процесінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас және оқу-тәрбие процесіне байланысты басқа да зерттеулер жүргізіледі.

Мектептің психологиялық қызметі алғаш рет АҚШ-та пайда болған еді. Онда психологтардың зерттеген мәселесі – қарым-қатынас болды. Кейін мектептің психологиялық қызметі арнайы бағдарламалар бойынша оқытуға балаларды таңдауды мақсат етіп, өлшеу мен тестілеу функцияларын жүргізді. Тестілеу жұмысының, ақыл-ой коэффициентін анықтаудың кең таралуы «Гайденс» қызметін дамытты. «Гайденс» психологиялық, педагогикалық қызметі американдық мектептің өзіндік селективті механизмі ретінде болды. Ал 1960 жылдары АҚШ-та мектеп психологтерінің кәсіби ұйымы құрылды. Оның тұжырымдамалы негізі, даму жобасы Р.Х. Тиндалл (1979) есімімен байланысты болды. АҚШ-та мектептегі психологиялық қызметтің аса өзекті мәселе болғандығы 1980 жылы мектеп психологтардың Ұлттық ассоциациясының құрылуы болды. 1950 жылы В. Рейми «мектеп психологы әрі ғалым, әрі практик болуы керек» деп санады.

Психологиялық қызмет төрт құрамдас бөліктен тұрады: ғылыми; қолданбалы; практикалық; ұйымдастырушылық. Психологиялық қызмет – адамдарға мамандандырылған деңгейде психологиялық көмек көрсету үшін мекемелер мен ұйымдарда құрылған арнайы қызмет жүйесі.

Психологиялық қызмет – адамдарға мамандандырылған деңгейде психологиялық көмек көрсету үшін мекемелер мен ұйымдарда құрылған арнайы қызмет жүйесі. Педагог-психолог маманның қызметіне тоқталсақ:

- Профилактикалық жұмыс;
- Топпен, сыныппен жұмыс;
- Мұғалімдер ұжымымен жұмыс;
- Диагностикалық жұмыс;
- Мамандықтандыру жұмысы;
- Диспетчерлік жұмыс;
- Психологиялық кеңес беру қызметі;
- Жеке-дара оқушылармен жұмыс және т.б.

«Диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді. Ал диагностикалауда нәтиже өзіне қол жеткізген Әдіс

– тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық процестің бағдар – бағытын, ілгерілі не кері қозғалысы анықталады. Диагностика өз ішіне бақылау мен тексеруді, бағалау мен бағаны, жинақталған статистикалық деректер талдауын, дидактикалық процестің жүрісін, бағытын және жобалануын қамтиды.

Диагностикалаудың маңызды бөлігі – бұл қадағалау. *Қадағалау* – білім, ептілік және дағдылардың игерілу процесіне бақылау қоюды аңғартады. Қадағалау тексерулерден тікелей құралады. *Тексеру* – бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет-қимылдар жүйесі. *Алдын-ала қадағалау* – әдетте, диагностикалық міндеттерге орай жүргізіледі.

Адам баласы – өмір бойы психологиялық көмекке зәру. Адам өзінің тіршілік ғұмыры ұзақ па, әлде қысқа ма бәрібір, оның биологиялық және психикалық қуат күшінің аса мол қоры, сонау нәресте кезінен бастап жинақталуға тиісті. Ондай мол қуат бала болмысында, тек еркін де жасқанбай жігерлі өскенде ғана жетіледі. Осы орайда педагог-психолог – кеңес беру қызметінің бағыттарын сипаттасақ:

- Мұғалімнің, ата-аналардың, оқушылардың сұранысы бойынша;
- Баламен бірінші байланыс немесе диагностика;
- Балаға кеңес беру және коррекциялық-дамытушылық жұмыс жүргізу;
- Сұранысқа талдау және жұмыс бағытын анықтау;
- Жұмыстың психологиялық бағдарламасын құру және оны ата-анамен келісу;
- Мұғалім және сынып жетекшімен баланың өзара қарым-қатынасы туралы мәселе бойынша кеңес беру және т.б. Балалармен жұмыс істеудегі педагог-психологтың *міндеттері*:
- Баланы әлеуметтендіру, яғни білім беру мекемесі мен өз тобына, сыныбына, жаңа ережеге және қарым-қатынасқа бейімдеу;
- Жас кезеңіндегі баланың психикалық дамуын қалыпты ету;
- Бала дамуындағы өзіне ғана тән ерекшелігін, әрекетінің және қарым-қатынасының жеке стилін қалыптастыру;
- Баланың өзін-өзі жетілдіруіне және тұлғалық өсуіне ықпал ету;
- Баланың эмоциялық және ерік сипаттарын тұрақтандыру;
- Баланың танымдық қабілетін, қарым-қатынасын және қайтымды байланысын белсенді ету;
- Балалармен топтағы тұлғаралық қатынасын оңтайландыру;
- Балалардағы психологиялық ауытқулар мен бұзылулардың алдын алу.

Қазіргі кезеңде балалар арасында мазасызданудың пайда болуы жиі

кездеседі. Мазасыздану көбіне жеткіншек жас кезеңінде қатты байқалады. В.В. Суворов өзінің «стресстің психофизиологиясы» атты кітабында, мазасыздануды, ішкі тынышсыздықтың, қалыпсыздықтың психологиялық күйі, ол қорқынышқа қарағанда белгісіз болуы мүмкін және таза субъективті факторларға тәуелді деп анықтайды. А.М. Прихожан, мазасыздануды – күй және тұлға қасиеті деп бөледі. Мағжан Жұмабаев эмоция, ішкі сезімдер түрлері және олардың жағымды, жағымсыздығы туралы зерттей келе сезімдерді тәрбиелеу қажеттілігіне тоқталады. Баланың мазасыздану туралы айта келе балада қорқу сезімі де болады. «Қорқу сезімі – адам жанында бір бақытсыздық күткенде болады», - деп оның терең талдай отырып, «Бала тым қорқақ келеді. Мұның себебі-баланың қиялы тыс тірі һәм денесі әлсіз»-деген тұшымды ой айтады. Алдымен, баланың қорықпауына мән беру керектігі, жасында қорқақ болған баланың ерлік істерге бара алмайтындығымен түйіндейді. Фромм «Сүйе білу өнері» және «Бостандықтан көшу» деген ірі еңбектерінде мазасыздануды тек «қорғаныстық механизмдер» деп атады. К. Леонгард: «Бала өскен сайын мазасыздануы азаяды», - дейді.

Әлемдегі екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани білім керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - деген. Демек, тәрбиесіз берілген білім апат әкеледі. Тегінде, тәрбие – үлкен жауапкершілікті, жүйелі көңіл бөлуді талап ететін өзгеше бір әлем. Ғылымда осы өзгеше тәрбие мәселесімен айналысатын педагогика-психология саласы. Олай болса, мектептегі педагог-психолог қызметі баланың тұлғалық дамуы мен қалыптасуына, білім сапасын арттыруына, өмірге бейімделуіне аса қажет деп есептеймін. Сондықтан бала үшін үнемі педагог-психолог маман бөлмесінің есігі ашық болу тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гудкина Н.И. Несколько случаев из практики школьного психолога. – М., 1991;
2. И.А. Әбеуова «Білім беру саласындағы психологиялық қызмет: әдіснама, технология, практика». Оқу құралы. – Алматы, Эверо, 2011;
3. Бейсенбекова Г.Б. Кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы. Оқу құралы. – Қарағанды: «САНАТ-Полиграфия», 2008;
4. Төлешова Ұ.Б. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: Оқу құралы. – Алматы. Қазақ университеті, 2012. – 142 б.

Ересек топ балаларын театрландырылған іс-әрекеттер арқылы ынтымақтастыққа тәрбиелеу мәселелері

М. ЕРГАРАЕВА

Білім мен тәрбие – балабақшадан бастау алады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда театрландырылған іс-әрекеттердің маңызы ерекше. Театрландырылған іс-әрекеттер әр балаға қуаныш сыйлайды, көркемдік талғамы мен танымдық процестерін қалыптастырады. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту өте ертеден зерттеліп келеді. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Шығармашылық – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болып табылады. Өмірде дұрыс жол табуы үшін адам ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. «Шығармашылық» сөзі «шығару», «ойлап табу» деген ұғымды білдіреді. Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін, дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі. Балалардың белсенділігімен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі. Осы орайда, ересек топ балаларының тұлғалық ерекшеліктерін дамыту үшін, ең алдымен олардың қабілеттеріне мән беруіміз керек. Әр баланың қабілеті әр түрлі болады. Мысалы: біреуі қолөнерге жақын болса, екіншісі ән айтуға, үшіншісі би билеуге, төртіншісі құрастыруға және т.б. іс-әрекеттері арқылы байқалады. Бір нәрсені жасауға, тудыруға, үйренуге деген қабілеттілік мектеп жасына дейінгі балаларда жиі байқалады. Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет.

Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Грузин педагогы Ш.А. Амонашвили: «Ойын арқылы балаларға өте қиын әлемдік танымды түсіндіре аламыз», – дейді. Балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын – оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын – тәрбиенің маңызды түрі. Ойын

– баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын – баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп, қазақ тілін үйретуде театрландырылған ойындардың маңызы зор. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Ересек топ балаларын шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін театрландырылған іс-әрекеттердің маңызы ерекше. Театрландырылған іс-әрекеттер баланың әлеуметтік-бейімделуіне де ықпал етеді.

К.С. Станиславский: «*Театр – бейнәсіз айна*», «*Талант – адамның еркі мен шығармашылығының жиынтығы*», - деген болатын. Ш. Айманов: «Театр – адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» - деген болатын. *Театрландырылған ойындар* – қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Балалар сахнада түрлі рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Театрландырылған іскерлік: 5 бөлімнен тұрады.

1. Театрландырылған ойын;
2. Ырғақты иілгіштік (ритмопластика);
3. Сөз мәдениеті және техникасы;
4. Театр мәдениеті.

Театрландырылған ойын. Кез келген өмірлік мән жайда өз құрбыластарымен және үлкендермен қарым-қатынас жасай білуге, кез-келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамыту. Бұл бөлімдегі ойын 3-ке бөлінеді: дамытушылық, әсемділік, театрлық.

Ырғақты иілгішті (ритмопластика) – бұған кешенді (комплекс) ырғақтылық, музыкалық, иілгіштік ойындар мен жаттығулар кіреді. Дене қозғалысының нақтылығымен еркіндігін дамытуда, өзінің денесінің сыртқы қоршаған ортамен байланысқан қарым-қатынасын сезінуге балалардың эстетикалық, психологиялық қабілетін дамытады.

Сөз мәдениеті және техникасы. Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген. Жаттығулар 3-ке бөлі-

неді: тыныс алу және артикуляциялық, дикциялық және интонациялық сөздер, шығармашылық ойындар.

Театр мәдениеті: Балаларға театр өнерінің шынайы сезімдерін меңгерту. Бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

Театрландырылған ойын 2-бөлікке бөлінеді: *драматизация және режиссерлық.*

Драматизациялық ойында бала – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын – драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады. Ал, драматизацияда ойынның екі түрін қарастыруға болады.

Саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе еркін қозғала жүріп көрсетеді.

Қуыршақ бибабомен ойын – драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабоны киеді. Ширмада ойнайды. Бұл қуыршақтарды ескі қуыршақтардан жасауға болады.

Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшы рөлінде ойнайды, ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады. Театр баланың рухани және шығармашылық әлеуетін ашады және әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндігін береді. Театрландырылған ойынды басқару негізіне әдеби шығармашылық мәтінмен жұмыс істеу жатады. Мәтінді оқығанда әдеби тілмен анық, мәнерлеп оқу керек. *Күннің 2-жартысында өтілетін вариативтік компонент* негізінде ересек «*Ғарыш*» тобы балаларының «*Кішкентай театр жұлдыздары*» сахналық қойылым «*Үйшік*» ертегісін ойнады. Театрландырылған іс-әрекеттің мақсаты: достық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау және оларға өзінің қатынасын білдіру іскерлік қабілетін қалыптастыру. Қойылымда *тышқан – Әлімжан, бақа – Нұржайна, қоян – Сағинұр, түлкі – Бекарыс, қасқыр – Асет, аю рөлдерін – Әли сомдады.*

Театрландырылған іс-әрекеттер арқылы балаларды әлеуметтік өмірге бейімдеп, өмірлік тәжірибесі көбейеді. Балалар әрдайым өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Баланың құштарлығына көңіл бөлсе, онда оның шығармашылыққа құштарлығы арта түседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Театрализованные игры дошкольников: Кн. для воспитателя дет. сада. – М.: Просвещение, 1991.
2. Төлешова Ұ. Б. Театралды педагогика және педагогикалық артистизм / Ұ.Б. Төлешова, А.Б. Мукашева, М.Д. Мурзагулова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 116 б.

Жоғары сынып оқушыларының цифрлық сауаттылықтарын қалыптастырудың психологиялық маңызы

А. ТҰРСЫНБЕК

Қазіргі заман талаптарына сәйкес мәдени еңбек түрі өзгеріп, фундаментальды білім беру маңызы арта түсуде. Ол адамның кәсіби мобильділігін қамтамасыз етіп, адамның жаңа технологияларды меңгеруге жол ашады, оның ішінде ақпараттық құзыреттілігіне мүмкіндік береді.

Цифрлық сауаттылық адамның жан-жақты қабілеттілігі, ақпаратты іздеуі, қолдану білімі. Цифрлық дағды әлеуметтік желілерді, интернет ақпараттарын, компьютерлік бағдарламаларды тиімді қолдана білу қабілеттілігі. Цифрлық сауаттылық» терминін алғаш рет 1997 жылы Пол Гилстер енгізді. Оның есептеуінше, цифрлық сауаттылыққа:

- Ақпараттық сауаттылық;
- Коммуникативті құзыреттілік;
- компьютерлік сауаттылық;
- Креативті құзыреттілік;
- Медиа-сауаттылық кіреді.

Қазіргі білім беру саласында «цифрлық педагогика», «цифрлық мектеп», «цифрлық мәдениет», «онлайн оқыту», «цифрлық педагог», «профессор онлайн», «цифрлық технология» ұғымдар жиі қолданылады.

Отандық ғалымдардан цифрлық ұрпақ мәселесін А.К. Мынбаева, Б.А. Әрінова инновациялық технологияны З.М. Садвакасова, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова, С. Мұхамбетжанова және т.б. ақпараттық-коммуникативтік технологияларды Г.К. Нургалиева, М.Н. Бекетова және т.б. ғалымдар қарастырған болатын. *Цифрлық педагогика* – бұл педагогика

калық процесс. Әр түрлі сандық технологияларды компьютер, гаджет, бағдарламаларды жоғары деңгейде білетін, неғұрлым жоғары сапаны қамтамасыз ететін білім беру қызметтері.

И.В. Сергеев «*Цифрлық педагогика* – оқыту кезінде сандық технологияларды тікелей қолдану» дейді.

Білім беруді цифрландыру қарапайым оқулықтардың электрондық копиясын жасаумен немесе оқушыларды жылдам интернетпен қамтамасыз ету ғана емес, яғни онда қалай оқытамын және нені оқытамын деген сұрақтарға жауап та сәйкесінше өзгеруі тиіс. Цифрлық экономика білім беру жүйесінен жеке үдерістерді «сандықтарға» өзгертуді ғана талап етпейді, керісінше жаңа мақсаттар қойып, білім беру процессін құрылымы мен мазмұнын өзгертетін жиынтық тәсілдерді көргісі келеді. Цифрлық құзыреттілік (digital competencies) – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану саласындағы әр түрлі міндеттерді шешу қабілеті: ақпаратты іздеу мен алмасуды, сұрақтарға жауаптарды, басқа адамдармен өзара іс-қимылды және компьютерлік бағдарламалауды қоса алғанда, цифрлық технологиялардың көмегімен мазмұнды пайдалану және құру. Еуропалық комиссия сандық білімді дамыту бойынша іс-қимыл жоспары (DEAR) шеңберінде дайындалған сандық құзыреттілікті (digital competency) анықтауда цифрлық технологияларды оқытуда, жұмыста және қоғамдық өмірде саналы және жауапты пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетеді.

И.М. Богдановская ақпараттық технологияларды сабақтарда тиімді қолдану жолдарын қарастырып, төмендегідей бағыттарға бөлді:

- білім алушының тұлғалық дамуына: шығармашылық, конструктивті-ізденушілік ойлануына, коммуникативті қырларының өсуіне көмектесу;
- әр түрлі өмірлік ситуацияларда оңтайлы шешімдер қабылдай алуын дамыту;

- зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік жасау деп атап көрсетті. Жалпы ақпараттық технологияларды сабақта қолдану арқылы оқушылардың – *танымдық, рухани-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтік және эстетикалық потенциалдарын* жүзеге асыруға ықпал ете аламыз. Цифрлық сауаттылықты дамытуда әртүрлі критерийлер бар. Мысалы, Генри Дженкинстің ойынша, цифрлық сауаттылық компьютермен жұмысты «темірмен» жұмыс деп есептеуіміз керек, құрылғының ерекшеліктерін, желілік топтарды және әлеуметтік медианың өзгешеліктерін түсіну арқылы жұмыс жасау деген сөз.

Ресей ғалымы Г.У. Солдатованың цифрлық құзыреттіліктің концепциясы жарық көрді. Цифрлық құзыреттіліктің құрылымы 4 негізгі түрден тұрады:

- *ақпараттық және медиақұзыреттілік* – білім, мотивация, жауап-

кершіліктің ізденушілікпен, ұйымдастырумен, архивтеумен, сыни ойлаумен, цифрлық ресурстармен байланысын көрсетеді;

- *коммуникативті құзыреттілік* – білім, мотивация, жауапкершіліктің коммуниканың түрлі формаларымен (әлеуметтік желілер, блогтар, чаттармен) байланысты;

- *техникалық құзыреттілік* – білім, мотивация, жауапкершіліктің техникалық және бағдарламалық құралдарды компьютерлік желі, бұлттық сервистер арқылы қауіпсіз қолдануға мүмкіндік жасау;

- *тұтынушылық құзыреттілік* – білім, мотивация, жауапкершілік арқылы цифрлық жүйеде орын алып отырған түрлі ситуацияларды шешу болып табылады. *Цифрлық қоғам* – адамдардың өмір жағдайына, олардың біліміне және жұмысына, сонымен қатар мемлекет, бизнес және қоғам арақатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шешуші әсер ететін, қоғам өмірінің барлық салаларында білім мен ақпараттық доминантты рөлімен ерекшеленетін өркениет дамуының заманауи кезеңі.

«Инверттелген сабақ» (Flipped Learning) – аралас оқытудың бір түрі. Аралас оқыту – бұл арнайы ақпараттық технологияларды (мысалы, компьютерлік графика, аудио және видео, интерактивті элементтер және т.б.) қолданатын электронды элементтермен сабақты оқытудың дәстүрлі формаларының жиынтығы. Осы технология аясында оқу процесінің үштен екісі сабақтан тыс уақытта өткізіледі, барлық танымдық белсенділік төмен және жоғары деңгейлерге бөлінеді. Төмен деңгейдегі танымдық іс-әрекетке жаңа зерттеу материалдарын оқулықтар, онлайн технологиялар, видео дәрістер, презентациялар көмегімен өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы аудиториялық сабақтан тыс уақыттағы зерттеу кіреді.

АҚТ-құзыреттілігін екі кезеңге бөлеміз: *технологиялық және әдіснамалық*. Біріншісіне, ақпараттық технологияларды қолдана алу позициясын жатқызсақ, екіншісіне, педагогтің АҚТ-ны оқу-тәрбие жұмысында әдістерін пайдалануды көздейді. Цифрлық экономиканы дамыту жағдайында адамның іс жүзінде нақты білімдер мен қазіргі заманғы АТ, байланыс құралдары мен бағдарламалық өнімдерді пайдалана білуін сипаттайтын сандық сауаттылық пен сандық дағдылар үлкен мәнге ие болады. Сандық сауаттылық адамның жұмыс орнында және өмірде заманауи АТ-ны сенімді меңгеруге, бірнеше дереккөздерден алынған ақпаратты іздеуге және бағалауға әмбебап қабілетін анықтайды; адамның ақпараттық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігін қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Савелова Е. В. Цифровые образовательные ресурсы в школе: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. – М.: Университетская книга 2008. – 224 с.

2. Галкин, Д.В. Современные исследования цифровой культуры (вместо предисловия к переводу фрагмента книги Чарли Гира «Цифровая культура» / Д.В. Галкин // Гуманитарная информатика. – 2004. – № 1. – С. 40-49.

Музыкалық білім мен тәрбие берудің психологиялық маңызы

С. АБАЙДИЛЬДАНОВА

Мектеп қабырғасында оқушылардың білім алуы мен қашықтықтан білім алудың айырмашылығын өз бойымызда түсінген мына уақытта біз музыка сабақтарының оқушыларға психологиялық серпіліс берудің жаңа мүмкіндіктерін қарастырудамыз. Қазақтың ән-жырымен, домбыраның күмбірімен тыныстаған, бесік жырымен тербетілген, Абай, – «Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денең», - деп айтса, тал бесіктен жер бесікке дейінгі қазақтың өмірі өлең мен жырға көмкерілетінін толғайды.

Жеке тұлғаның қалыптасуында (санасы, мінезі, қабілеттері, адамгершілігі) музыканың алатын орны ерекше. Музыкалық білім – оқушының зияткерлік әлеуетін дамытатын, қазақстандық мәдениеттің элементі. Қазақстанда отандық композиторлардың балаларға арналған бірнеше шығармалар жинағы жарыққа шықты.

Ұлттық үніміздің шкала диапазонын алғаш рет компьютермен домбыраның акустикасын зерттеп тапқанбыз. «Үннің адам психологиясына әсер-ықпалын мемлекеттің арнайы қабылдаған халал, харам (қазақша «адал», «арам») деген өлшем стандарты арқылы да анықтауға болады. Мәселен, қоңыр халал – адамзаттың бастапқы жер бетіндегі мәдениеті – алғашқы қоңыр үнінен басталады. Адам неғұрлым табиғатқа жақындаған сайын төзімділік қасиеті арта түседі. Оның болмысы, дүниетанымы, іс-қимылы, мінез-құлқы, әдет-ғұрпы (ар-ұяты) табиғи заңдылықпен үн арқылы қалыптасады. Мәселен, жай табиғатта ағып жатқан судың дыбыс күші 27 Дц басталады, ал таудан қатты сарқырап аққан судың дыбыс күші 80 Дц-ден аспайды. Мұндай табиғи дыбыс адамзаттың ағзасына жағымды әсер етеді. Ал харам – адам құлағының белгілі бір есту шегінен тысқары шығып кеткен (өте қатты дыбыстар), жүрекке, қан қысымына, миына, адам ағзасына кері әсер етеді, бұлар стресс тудыратын жағымсыз дыбыстар.

Жалпы дыбыс пен жарықтың ауадағы таралу толқындарын зерттеудің

үш түрі бар. Бірінші, 0-ден 15 Герцке дейінгі аралықты қамтитын инфрадыбыс. Бұл дыбысты адам құлағы естімейді, бірақ сезеді. Екіншісі, адам құлағы еститін 15-тен 20 000 Герцке дейінгі жиіліктегі диапазон. Үшіншісі, 20 000 Герцтен жоғары, естілмейтін қысқа жиіліктегі ультрадыбыстар. Ал адам ағзасы өте пайдалы 30-75 децибелдің аралығындағы есту диапазонындағы дыбыс күші қоңыр үн категориясына (емдік қасиеті бар) жатады. Егер осы іспеттес қоңыр үнді қайтарып алатын болсақ, қазақ қайтадан атқа мінгендей болар еді.

Фортепиано аспабында ойнау оқушылардың музыкалық білімін толықтырып қана қоймай, оларда эстетикалық талғамының жоғары болуын, мәдениеттілігін дамытатыны сөзсіз. Ресейдің Халық әртісі (1956) Генрих Густавович Нейгауз (1888-1964) фортепианоның қыр-сырын меңгертіп, музыкаға деген құштарлықты арттыра түскен бірден бір талант. Ол өзінен кейін Э. Гилельс, Я. Зак және С. Рихтер сынды аты әлемге әйгілі музыканттарды тәрбиелеген. Ол Бах пен Шуберттің, Шопен және Дебюссидің шығармаларын керемет орындай алатын бірден бір пианист еді. Оның ерекше дарындылығының бір себебі бар – ол бірегей есте сақтау қабілеті. Соның арқасында ол көптеген партитураларды есте сақтап, әр түрлі замандардағы композиторлар шығармаларын қиналмай ойнай алған. Біз, қазіргі музыка саласындағы педагогтар оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға баса көңіл аударғанымыз жөн. Ол үшін оқушылардың фортепиано ойнау барысында ноталарды көріп, жаттап қана қоймай, жан-тәнімен сезініп, оны ішкі жан дүниесімен ойнай алатындай дәрежеге жеткізуіміз қажет.

Бүгінгі бүлдіршіндеріміздің тәрбие алған ортасы балабақшадан (3-6 жас аралығы) бастап осы құнды дүниенің қыр-сырын түсіндіріп, саналарына сіңіруді домбырадан бастау керек. Тәрбиенің негізі сәби шақта қаланады. Қай кезде де іргетасы мықты дүниенің сапасы мықты болары сөзсіз. Психоаналитик Эбдуәлі Мәмеділ: «Бесікте жатқан сәби ананың сөзін түсінбейбі, бірақ оған сіңетіні ананың үні – оның әлдиі», - демекші, музыка тембрі арқылы миына еніп, психологиясына әсер етеді. Бесік жырындағы уайымқайғы, үміт, ондағы қуаныш тек үн толқындары арқылы баланың санасына жетеді. Жөргектегі нәресте осы әуенді өмір-бақи ұмытпайды. Өсе келе бала бесікте жатқанда құлағының құрышы қанған әуенді еске алып, анаға деген ыстық махаббаты мен іңкәр сезімі арта түседі. Сол сезіммен Отанды да сүйеді. Өйткені «Отанды сүю бесіктен басталады» емес пе? Ал қазіргі балабақшаға келетін болсақ, ондағы бүлдіршіндер естіген үн ерте ме, кеш пе өз нәтижесін береді. Яғни біздің тамырымыздан ажырап қалған дәстүріміз, ұлттық болмысымыз осы қоңыр әуен арқылы өзінің құнарлы топырағына баруы әбден мүмкін.

Үн – дыбыс, сыбыс, гуілдеу, былдырлау нәресте бойына жинайтын психофизиологиялық категория. Әл-Фараби: «Үнінен, тілінен, ділінен айырылған халық жер бетінен жойылады», - деген екен.

Метафоралық «Мен» тренинг бағдарламасы

Н. АБИКЕЕВА
А. ӘЛДИБЕК

Тренинг бағдарлама мақсаты: жеке адамның «өзіндік менін» ашу, стереотиптерден құтылу, өзіне деген сенімділікті арттыру.

Тренинг бағдарламаға қатысушылар саны мен тренингке негізінен қойылатын талаптар:

Қатысушылар саны: 10 адам.

Бағдарлама ұзақтығы: 12 сағат, 3 күн.

Бағдарлама арналады: 22-35 жас аралығындағы ерлер мен әйелдерге.

Негізгі ережелер:

Топ мүшелерін сыйлау;

Тренинг барысында айтылған жеке ақпараттарды сыртқа шығармау;

Жүктілік барысында, астма, ұстама, талма, жүрек сырқаттары бар болған жағдайда тренинг бағдарламасына қатысуға рұқсат етілмейді.

1-күн.

Топты жұмысқа даярлау негізінде, алдымен топқа шеңбер бойынша допты беру арқылы «Сәлем!» сөзін айтқызу қажет.

Метафоралық жаттығу.

Несие.

Мақсаты: Тренингке қатысу, сонымен қатар өмірге деген мотивацияны зерттеу, жаңа, саналы мотивтердің пайда болуына ықпал ету.

Ұйымдастыру: Топ «Карусель» типіне сәйкес екі шеңберге отырады: ішкі және сыртқы шеңбер. Жаттығу кезінде ішкі шеңбер қозғалады. Өту санын жаттықтырушы анықтайды (бірақ 3-тен кем емес болу керек). Жеткілікті А4 қағазы, қалам, қайшы қажет болады.

Жаттығудың ұзақтығы: 1-1,5 сағат.

1. Ішкі шеңберде отырғандар 1-2-3-ке саналады. Санға байланысты олар рөлге ие болады:

Біріншілері – «Банкирлер». Олар несие береді. Олар үшін клиент жауапты және оның ниеті салмақты екенін түсіну керек.

Екіншісі – «Достар». Егер қаражат сіз үшін өте маңызды екеніне сенімді болса (сендіру қажет), олар қарызға ақша бере алады.

Қалғандары – «Демеушілер». Олар болашақта оларға ақшалай пай-

да әкелетін, пайдалы жобаны инвестициялауға қуанышты болатын жандар.

2. Сыртқы шеңберде отыруға арналған нұсқаулық:

Институтта оқу үшін сізге қарыз беру керек екенін елестетіп көріңіз. Бұл үлкен сома, егер сіз оған қарама-қарсы адамға қажет екеніңізді дәлелдейтін болсаңыз, оны ала аласыз. Сіздің дәлелдеріңіз бен мінез-құлқыңыз сіз сөйлескен адамға сәйкес келуі керек: банкир, дос немесе де-меуші. Сізде сөйлесуге 2-3 минут болады.

3. Ішкі шеңберде отыруға арналған нұсқаулық:

Сіз өзіңіз ойнайтын рөлге сәйкес шешім қабылдайсыз. Егер сіз ақша беруді шешсеңіз, сіз әңгімелесушіге белгі бересіз, егер ол жоқ болса, ол бос қолмен қалады. Шешімдеріңізге түсініктеме берудің қажеті жоқ.

4. Жаттықтырушының сигналы бойынша қатысушылар әңгіме бастайды. Белгіленген уақыттан кейін ауысу жасалады.

5. Қатысушылар орындарын ауыстырады және бүкіл әрекет қайталады.

6. Барлығы жалпы шеңберге оралады. Жаттықтырушы барлығына өздері келтірген дәлелдердің тізімін жасауды ұсынады.

Рефлексия.

2-күн. Метафоралық жаттығу.

Балалар түрмесі.

Түрме метафорасы еркіндіктің жоқтығы мен тәуелділіктің нышаны ретінде есептеледі. Бұл жаттығу аясында, өмірде қалыптасқан көзқарастарға, ұстанымдарға тәуелділік қарастырылады. Біз көбінесе ата-анамыздың өмір салты, олардың сөздері мен іс-әрекеттері біздің нақты өмірімізге қалай әсер ететінін түсінбейміз. Бұл жаман деп нақты айту мүмкін емес: балалық шақтың тәжірибесі көп пайдалы және ата-аналардың үйреткендерінің дұрыстығына күмәндануға негіз жоқ. Бұл жағдайда біз ұтымды көзқарастармен айналысамыз. Алайда бұдан да басқа нұсқа кездеседі, ол балалық шақтың бағдарларының шындыққа сәйкес келмейтін және де дамуға зиян келтіретін нұсқасы болып табылады.

Мақсаты: Бала кезінен берілетін дүниетанымдық көзқарастарды зерттеу, оларды талдау. Иррационалды қондырғылармен жұмыс.

Ұйымдастыру: Әр түрлі ұйымдастырылатын бірнеше кезеңдер. Сонымен қатар, қағаз парақтары қажет болады: бір адамға 2 парақтан, фломастер және скотч.

Жаттығудың ұзақтығы: 1-1,5 сағат.

1. «Карусель» түріне сәйкес жұмысты екі шеңбер етіп ұйымдастыры-

ңыз: ішкі және сыртқы шеңберлер. Жұптық әңгіме (2-3 минут), жұптардың өзгеруі.

Әңгіме тақырыптары:

- Менің балалық шағымдағы отбасымдағы ата-анамның өз жұмысына деген қатынасы қандай болды?

- ақшаға?

- үлкендерге (қарт адамдарға) және одан кішілерге?

- махаббат пен секске?

- достыққа?

- үйдегі тазалық пен реттілікке? және т.б.

2. Әр қатысушыны «Менің анам маған осыны үйретті ...» деген сөздер тізімін жасауға шақырыңыз. Бұл мәлімдемелер ата-аналардың аузынан шықпаған болуы мүмкін екенін түсіндіріңіз, бірақ олардың мінез-құлқы мен өмір салты бұған дәлел екендігін қарастырыңыздар. Бұл кезеңде мәлімдемені талдауға және олардың дұрыстығын анықтауға болмайды.

3. Шағымдарды талдау:

- Бұл дүниетаным бағдарлары өміріңізге қалай әсер етеді?

- Олардың қайсысы рационалды (субъективті шын) немесе иррационалды (дұрыс емес)?

- Сіз үшін ақылға сыймайтын көзқарасты анықтаңыз, бірақ одан бас тарту өте қиын ба?

Парақта үлкен әріптермен жазу және жұмыс істеу үшін бір бағдарды таңдап алу. Бұл сөздердің нақты болуы қажет: «Әрдайым әлсіздерге көмектес», «Үйдегі тәртіп - әйелдің міндеті», «Ақша еңбекпен табылады» және т.б.

4. Барлық қатысушылар еденге шеңбер түрінде отырады. Олар орындықтармен қоршалған, орындық арқасы ішке қарай қойылады. Бағдарлар жазылған парақтар орындық арқасына желімделеді. Қатысушыларға шеңберде үнсіз отыруға және жазылғанның әсерін сезінуге мүмкіндік беріңіз. Түрме метафорасын есіке түсіріңіз, осы сәтте бағдарлар бостандықты шектейтін тор болады.

5. Сұраққа жауап беруді сұраңыз:

- Осы бағдарды орындаудың салдары қандай? («Әрқашан әлсіздерге көмектес» - «адамдар мойынға отырады», «өтініштер талаптарға айналады, өзіме уақыт қалмайды...»)

6. Ұтымды болатын жаңа тұжырымдама жасаңыз. Қажет болса, адамдарға иррационалды және рационалды көзқарастардың арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз: әдетте, бұл олардың категориялық

сипатымен ерекшеленетін парыздық қатынастары. Оларды таңдауға, аударуға немесе керісінше ауыстыруға көмектесіңіз.

(«Әрқашан әлсіздерге көмектес» – «мен көмек сұраған адамдарға көмектескенді қалаймын, егер ол менің мүдде-қызығушылықтарыма зиянын келтірмесе»).

7. Жаңа бағдар параққа жазылды және ол қатысушы үшін «еркіндікке өту» болып табылады. Ескі қондырғы жойылуда. Осылайша қатысушылар шеңберден бір-бірлеп шығарылады, шеңбер бос болғанша.

3 бөлім. Рефлексия.

Қойылатын сұрақтар:

- Көңіл-күйіңіз қалай?
- Жаттығулар барысы ұнады ма?
- Үй тапсырмасын орындау қиындық тудыртты ма? Қандай шағымдарыңыз бар?

- Берілген жаттығу рефлексияларымен үйде жалғыздықта талқылаған ыңғайлы ма, әлде топта, уақытысында істеген ұнады ма?

3-күн. Метафоралық жаттығу.

Менің жылдарым – менің байлығым

Өз жасын оң қабылдау, өмірінің зая өтпегендігін түсіну әрбір адамның дамуы үшін қажет. Бұл жаттығу әр түрлі жас аралық топтарда өткізілгені тиімді.

Мақсаты: өз жасына оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету, қатысушылардың жоғалтқандарын ғана емес, сонымен бірге кірістері мен пайданы көре білуге, шындықты қабылдаумен, өзіндік менді істеуге құлшындыру.

Ұйымдастырылуы: кіші топтардың өзара жұмысы мен пантомимика көрсету үшін жеткілікті кеңістік орнату.

Жаттығу ұзақтығы: 50-60 мин.

1. Біздің өміріміз жыл мезгілдері сияқты өзгереді және өзгере береді. Жас шамасына қарай біз - психологиялық және физикалық тұрғыдан өзгереміз. «Табиғатта жаман ауа-райы жоқ» сияқты – әр жас кезеңі өз ерекшеліктері мен артықшылықтарына ие. Өз жасымызды мәселе/проблема ретінде немесе әлеует ретінде қабылдау тек бізге, өзімізге байланысты. **Жылдың барлық маусымы шеңберде орналасқанын елестетіп көріңізші:** көктемгі айлар, содан кейін жаз және т.б.

2. Қатысушылар нұсқаулыққа сәйкес шеңберде орналасады. Содан кейін жаттықтырушы бір орын алған адамдарға пантомима (мүсін) түрінде осы маусымды ерекшелейтін артықшылықтар мен ерекшеліктерді келісуді және бейнелеуді ұсынады. Мысалы: күз – егін жинау, сұлулық, сәтсіз серуендеу және отбасылық әңгімелерді жинау уақыты;

көктем-гүлдену, ояту, жаңа үй немесе жаңа отбасы салу, барлық қажетсіз, ескірген және т.б. құтылу.

3. Барлық топ кезек бойынша осы маусымда ерекше және жақсы екенін көрсетіп, түсіндіреді.

4. Қатысушылар орындарына жайғасады. Жаттықтырушы сұрақ қояды:

- Сіз қанша жастасыз және сіз жасыңызды қалай сезінесіз және бағалайсыз?

Кезек-кезек сұраққа жас санаттары бойынша жауап қайтарылады.

5. Осыдан кейін қалғандары осы жаста қандай артықшылықтар бар екеніне ұсыныстар айтады.

Мысалы: - Мен 35 жастамын және маған менің жасым ұнайды; мен қалайтын нәрсені жасауға мүмкіндігім бар, ешкімге тәуелді емеспін және жақсы көрінемін.

- Бұл жаста жақсы, өйткені сіздің үлкен балаларыңыз бар және олар көп көңіл бөлуді қажет етпейді;

- Сізде өзіңізге қамқорлық жасауға, уақытты бөлуге мүмкіндігіңіз бар;

- Бұл жаста сіз бұдан бірнеше жыл бұрын комплекстермен уайым кешпейсіз ...

Әдетте, қатысушылар осы адамның жас ерекшеліктері туралы айтады, бұл оған өз жылдарына деген сенімділік пен жағымды қарым-қатынас береді.

Шерингке қатысты сұрақтар:

— Жаттығу процесі барысында қандай сезімдерді өткердіңіз?

— Бұл жаттығу сізге не берді?

— Сіз қандай жаңа мүмкіндіктерді көре алдыңыз?

— Сізде қандай қорытындылар пайда болды?

Қатысушылардың назарын олар бейнеленген пантомимдерге және символизмдерге аударуға болады. Мүмкін, олардың әрқайсысы өзінің маңызды қажеттілігін осылайша көрсетті және ол осы жас кезеңімен байланысты.

Ескерту: сыртқы қарапайымдылыққа қарамастан, жаттығу өте терең және ауыр уайымдауға қабілетті. Тренердің бұған дайын болғаны және жасы проблема болып табылатын қатысушыға қолдау көрсетуі маңызды.

3-бөлім. Рефлексия.

Оқушылар арасында агрессивті мінез-құлықтың алдын алу

М. БЕДЕРОВА

Балалардың жоғары агрессивтілігі дәрігерлер, педагогтер мен психологтар үшін ғана емес, сонымен бірге тұтас қоғам үшін де негізгі проблемалардың бірі болып отыр. Агрессивтілік (лат. «шабуылдау, қауіп тудыру») – агрессивті мінез-құлыққа апарар ниет, жағдай. Ал агрессиялық әрекеттің өзі – баланың өзгелерге залал келтіруге бағытталған мінез-құлқы. Агрессивті жағдай ашу, жаулық, жеккөрушілік, т.б. эмоциялар арқылы көрініс табады. Әрекет міндетті түрде өзге адамға залал келтіру: балағаттау, қорлау, төбелесу, ұрып-соғу, т.б. түрінде көрініс береді. Осындай мінез-құлықты балалар саны тез артып келе жатқандықтан, тақырыптың өзектілігі күмән келтірмейді.

Бұл көптеген жағымсыз факторлар: балалардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы нашарлауынан; отбасылық тәрбие дағдарысынан; мектептің балалардың жүйке-психикалық жағдайына көңіл аудармауынан; баланың миына зақым келу түрінде салдары болатын патологиялық босану үлесінің артуынан орын алып отыр.

Зорлық-зомбылықты үздіксіз насихаттаумен айналысатын жалпы ақпарат құралдары, кино және бейнеиндустрия да өз үлесін қосып отыр. Соңғы жылдары балалар агрессиясы проблемаларына ғылыми мүдделілік те артып отыр, бірақ, өкінішке орай, шынайы түзету мен емшара тәжірибесіне негізделген зерттеулер салыстырмалы түрде аз.

Ең алдымен балалар агрессиясының себептеріне талдау жасап көрелік. Мұның үш негізгі көзі болуы мүмкін.

Біріншіден, **бала өсіп келе жатқан отбасының өзі агрессивті мінез-құлыққа бейім болуы және осындай көріністі бала санасында берік орнықтыруы мүмкін.** Кейбір ата-аналар екіжүзділікке бейім болады, сөз жүзінде олар балаларында агрессияның байқалуына қарсы, оларды қайырымды әрі жуас етіп тәрбиелегісі келеді, сонымен бірге олар төбелеске қорықпай кірісіп кету немесе басқа да жымысқы жолдармен мәжбүрлеу арқылы құрдастарымен арасындағы проблемасын өзі шешуге тырысқан балаларына сүйсініс танытады.

Екіншіден, **балалар агрессияшыл мінез-құлыққа құрдастарымен қарым-қатынасы барысында үйренуі мүмкін.** Мектепке дейінгі жастағы балалардың көпшілігі үшін күш басымдығына табыну үлкен орын

алады, әсіресе ұл балалар қоғамдастығында демократиялық деп атауға келмейтін қасиетке ие болуды армандайды. Демек, кім күшті болса, ол бәрін де жасай алады – балабақша сәбилерін бақылағанда көруге болатын принцип осындай.

Үшіншіден, **агрессиялылыққа үйрететін үлгі шынайы адамдар емес, шығармашылық туындылары да болуы мүмкін**. Теледидар, монитор экрандары мен кітап беттеріндегі агрессия мен зорлық-зомбылық кішкентай көрермендерді кез келген уақытта құрылымсыз, қатал, бірақ жанжалды шешудің өте тиімді тәсіліне бой ұруға жетелейтіні күмәнсіз нәрсе. Сондықтан да балаңыздың не көріп, не оқып, қалай ойнайтынына назар аударған артық болмайды.

Агрессиялықтың сыртқы қабығын қарастырып болғаннан кейін, енді оның ішкі себептеріне тоқтала кеткен жөн. Бұл жерде бастысы өте қарапайым ой, егер адамда бәрі жақсы болса, ол агрессивті болмас еді. Яғни, агрессияшылдық – ең алдымен ішкі қолайсыздықтың сыртқы көрінісі. Әдетте агрессивті балаларға жоғары мазасыздық, өзін ешкімге керексіз сезіну, айналадағыларды әділетсіз санау және өзін тең санамау (көбіне кем санау) тән болады. Кішкентай «агрессордың» айғай-шу ашу шығару арқылы қарсылық көрсету реакциясы оның айналасындағылардың назарын өз проблемаларына, оны жалғыз өзі жеңе алмайтынына аудару тәсілі болып саналады. Демек, **агрессивті балаға көмектескісі келетін ата-анасы ретінде сізге ең бірінші керегі балаға шынайы іштарту, оны жеке тұлға ретінде қабылдау, оның ішкі әлеміне қызығушылық таныту, сезімі мен мінез-құлық дәлелдеріне түсіністікпен қарау**. Баланың жетістіктеріне және оның қиындықты жеңуіндегі табыстарына көбірек көңілін аударыңыз (сыртқы және ішкі), тағы да сондай болуға үйретіңіз. Қысқасын айтқанда, ұл немесе қыз балаға өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі дұрыс бағалай білуін қайтару үшін қолдан келгеннің барлығын жасау керек. Ата-ана агрессиялық көңіл күй мен әрекеттердің қайдан шыққанын анықтап, оларды түзетудің дұрыс жолдарын табуы тиіс. Агрессияшыл мінез-құлық түрі көбіне оны тудырушы себептерді де көрсетіп тұрады.

Сіздердің назарларыңызға сынып жетекшісіне және ата-анаға арналған баланың агрессиялық мінез-құлқына диагностика жасау бойынша бірқатар практикалық кеңестерді, сондай-ақ агрессия деңгейін азайту тәсілдерін ұсынып отырмыз.

Ата-ана агрессиялық мінез-құлқы бар балаларға қалай қарауы керек?

Профессор Н.Е. Щуркова және оның әріптестері мінез-құлқы күрделі

балаларға арналған педагогикалық әрекет алгоритмін ұсынады. Олар келесідей:

- Мінез-құлқын түсіну. «Иә, осылай болады...», «Сенің жасыңда мен де де осындай жағдай болған...»;

- Мінез-құлқын ақтау. Балаға жартылай қолдау білдіру: «Сенің орнында басқа біреу болуы да мүмкін еді...», «Мүмкін мен де сөйтер ме едім...»;

- Баланың жасағанына өзі ой жіберуі үшін оның заттық және әлеуметтік нәтижесіне талдау жасау: «Сен, сірә,...жасағың келген шығар, ал ол ... болып шықты», «Сен оны ... болып шығады деп ойламаған да шығарсың...»;

- Өзін-өзі анықтауы үшін балама мінез-құлық тәсілін көрсету: «Былай жасағанда ... болар еді», «Мұндай жағдайда кейбіреулер ... жасайды»;

- Бала болған оқиғаның уәждемесі мен себептерін анықтай алуы үшін, оны ойлануға шақыру: «Сен өзің қалай ойлайсың...», «Бұл енді қалай аяқталады деп ойлайсың...», «Сен туралы басқалар не ойлайды...»;

- Басқа мәдениет деңгейінде өзін-өзі жүзеге асыра алуына жағдай жасау үшін, сыртқы қорлаудан «қорғаныс»: «Бұл есейе келе қалатын әдет...»;

- Тиісті әсер түріне қарама-қарсы күтпеген дербес шешім: «Мен сені ... жазалауым керек еді, бірақ мен... жасайын деп тұрмын», «Мен сені түсінеді деп сенемін...»

Қолайсыз жағдайдан арылу үшін

- Қысым жасау – баланың әрекеттері мен қылықтарына қатаң тыйым салу. Сынып жетекшісі өз беделі арқылы агрессия көрінісіне жол бермей, оны тұншықтырып, басымдық жағдайына ауысады («Тез арада тоқтат мұныңды!»)

- Ығыстырып шығару – басқа, неғұрлым жағымды жағдай тудырып, агрессияшыл мінез-құлықты алмастыру тәсілі. Қолайсыз жағдайды алмастыруға бағытталған әрекет тізбегі: ығыстыру-алмастыру-алаңдату («Маған мынаны жасауға көмектесіп жіберші...»)

- Елемеу – қолайсыз жағдайды елеусіз қалдыру әдісі (бірден назар аударма қоймау). Әдісі ширығысты жағдайды біртіндеп барып жою мақсатында қолданылады.

- Мерзім белгілеу (уақытын шектеу) – орын алған қолайсыз жағдайды (ашулану) шешу үшін құқығын ескеруді пайдалану әдісі. Бұл әдіс күшті ширығыстың біртіндеп барып жайласуы үшін пайдаланылады («Қане-кей, мұны бір минут ішінде аяқтаңдар»)

- Жағымды нәрсеге көңіл аудару – назарды ашу, агрессия, ыза немесе реніш тудырған субъектіден баланың өзінің немесе басқа объектінің

(басқа адамның, жануардың, заттың, т.б.) жағымды жақтарына аудару. Әдістің мақсаты – баланы өзін-өзі билеуге, реттеуге, бақылауға, сыртқы әсер мен ішкі жағдайы арасында тепе-теңдік орнатуға үйрету.

Агрессия деңгейін қалай азайтуға немесе жоюға болады? Ол үшін келесідей шаралар қолдану керек:

- Агрессивті баланы спорт секцияларына қатыстыру;
- Қызығушылықтары бойынша үйірмелерге жіберу;
- Балаға деген махаббатты үнемі білдіріп отыру;
- Орындалмайтын уәде бермеуге тырысу;
- Релаксация және тыныс алу жаттығуларын орындау;
- Балаға уақытты аямау, үнемі ақыл-кеңес беріп отыру;
- Уақытылы тыңдау, түсіне білу;
- Әр жұмысына көмектесіп, сенім білдіру;
- Үнемі мейірімді болу;
- Алдын алуға арналған сұхбаттар. Сұхбаттың мақсаты – қажетсіз оқиғаның орын алуына жол бермеу. Агрессивті мінез-құлықтың салдары қандай болатынын нақты мысал арқылы көрсету;
- Әдептілік тәртібі үлгісіне баулу;
- Жағымсыз энергиядан арылу әдістері мен тәсілдерін үйрету. Ата-ана бойға жиналған агрессиядан арылу әдістерін көрсетуі тиіс. Мысалы, табиғат аясына шығып, бар дауыспен айғайлауға болады. Жапон компанияларында адамдар жансыз заттарға ұрысу, ұру арқылы ашуын сыртқа шығарып алатын арнайы бөлмелер болады;
- Ата-ана мінез-құлқы. Агрессивті баламен сөйлескен кезде сынып жетекшісі сабырлы, салмақты, жұмсақ, төзімді болып, сыртқы түрімен қамқоршысының жан дүниесін түсінетінін байқатуы тиіс;
- Баланың тек жақсы жақтарын ғана көріп, оған сенім білдіру. Бала егер өзін осы тұрған бойында жақсы көріп, қадірлейтінін білсе, өзін ұстамды, қолға ала білетін жан ретінде көргісі келетінін түсінсе, мінез-құлқын өзгертеді. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер егер бала педагог және ата-ана оны жақсы адам ретінде бағалайтынын түсінген жағдайда өзгертетінін көрсетеді, мұндай кезде ол дамуының жоғары сатысына ұмтылатын болады;
- Жауапкершілік жүктеу. Өзіне тапсырылған жауапты істі орындай жүре, бала шығармашылықпен айналысады, ал бұл кезде жаман ойлар мен істерден аулақ жүретін болады;
- Ерік-жігерін қалыптастыру. Ақырында, агрессивтіліктің жағымсыз көріністерімен күресте негізгі фактор болып табылатын нәрсе: сынып жетекшісі, ата-ана мен бала арасында үйлесімді қарым-қатынас орнату – баланың салауатты эмоциялық дамуының басты шарты.

Үш жасар баланың танымдық қызметін дамыту бойынша ата-аналарға арналған нұсқаулар

Б. ЖАНЫМХАНОВА

Баланың танымдық қызметін қалай дамытуға болады?

Баланың ақыл-ойын дамытуда дидактикалық ойыншықтармен ойнау бұрынғысынша маңызды орын алады. Екі жастағы балалардың бұл ойыншықтармен ойнау дағдысы бар, олармен шұғылданғанды жақсы көреді. Пирамидалар, мұнаралар, матрешкалар және т.б. анағұрлым күрделі нұсқаларында жиналады. Бұл ретте ұсақ та нақты әрекеттерді, мысалы, бір бөлікті екіншісіне қою ғана емес, сонымен бірге матрешкалардағы немесе басқа да суреттер салынған ойыншықтардағы суреттерді сәйкес келтіру керек.

Бала заттардың қасиеттерін талдайды, олардың заңдылығын табады, оларды өзара салыстырады. Бұл біліктер өмірінің үшінші жылындағы балаларға іріктеу, топтау, заттарды 2 қасиетіне (түсі мен пішініне) бірден бағыттала отырып салыстыру сияқты неғұрлым күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Олар бұл тапсырмаларды біршама жеңіл орындайды, әрекеттердің бір бөлігін ақыл-оймен шеше отырып, іс жүзінде салыстыруға көп бара бермейді, көрнекілікке азырақ сүйенеді.

Өмірінің екінші жылындағы сияқты, мұнда да дидактикалық ойыншықтардың 5 түрі пайдаланылады: кигізуге (әр түрлі пирамидалар); салуға және шығаруға арналған көлемді геометриялық фигуралар (шарлар, кубтар, конустар, цилиндрлер); жиналмалы-шашылмалы үш орынды матрешкалар, жұмыртқалар, бөшекелер және басқалар.

Егер 2 жастағы бала ересек адамның көмегімен біртіндеп кішірейетін 4-5 сақинаны жинайтын болса, онда үшінші жылы оны осы тапсырманы өз бетінше орындауға үйретеді. Осы мақсатта алдымен 4-5 сақинадан тұратын бір түсті пирамида жинау, сосын қызыл және көк түсті немесе сары және көк түсті осындай 2 пирамида жинау, яғни сақинаның көлемі мен түсіне бірдей бағытталу ұсынылады.

2,5-нан 3 жасқа дейінгі балалар бөлшектерді түсі, пішіні немесе көлемі бойынша кезектестіру арқылы пирамиданы жинау біледі, яғни белгілі бір жүйеде басында көрсетумен, сосын сөздік нұсқаумен әрекет етеді.

Көлемді геометриялық фигуралармен (шарлар, кубтар және т.б.) ойналатын ойындар неғұрлым нәзік көріп, даралауды талап ететін әрекеттерді орындау есебінен күрделене түседі. 2-2,5 жастағы балалар қы-

зықты қорапқа пішіні бойынша бірдей, үш көлемдік арақатыстағы: үлкен, кішірек, кішкентай заттарды сала біледі.

Дидактикалық ойыншықтармен жүргізілетін әртүрлі сабақ түрлері өмірінің үшінші жылындағы баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді: ақыл-ойың, дене тұлғасың, эстетикалық тұрғыдан тәрбиелейді, жұмыс қабілетін арттырады, оқуға деген құштарлығы мен білігін қалыптастырады.

Өтініш бойынша үлкен және кішкентай затты көрсетуді үйретіңіз.

1. Бір үлгідегі заттардың үлкен және кішкентай нұсқаларынан (үлкен және кішкентай конверттер, қарындаштар, тастар, бөтеңкелер, күртелер, төрелкелер, мәшинелер, орындықтар, печеньеелер және т.б.) коллекция жинақтаңыз.

Бір апта бойы үлкен және кішкентай заттарды балаға өзіңіз көрсетіңіз және айтып отырыңыз. Содан кейін баладан үлкен және кішкентай заттарды көрсетуді өтініңіз.

Баланың алдына үлкен және кішкентай қарындаштар қойыңыз. Одан қағаз бетіне үлкен қарындашпен сызық сызуды өтініңіз. Табысты орындалған жағдайда баланы мақтап қойыңыз. Басқа да заттармен қайталаңыз.

2. Баладан үйдегі үлкен және кішкентай заттарды табуды өтініңіз;

3. Осы ұғымдарды қимылмен бекітіңіз: балаға үлкен және кішкентай қадамдар, үлкен және кішкентай секірулер жасауды, үлкен және кішкентай орындыққа отыруды ұсыныңыз.

Пішіндері әр түрлі заттарды ажырата білуді үйретіңіз.

Аяқ киімнің қорабынан дөңгелек, үш бұрышты және шаршы пішінді «тесіктері бар жазықтық» жасаңыз. Фанерадан немесе қалың картоннан осы тесіктерге сәйкес бірнеше фигураны кесіп алыңыз. Тесікке бір фигураны тастап жіберіп, баладан не талап етілетінін оған көрсетіңіз. Сосын балаға басқа фигураны беріп, егер қажет болса, оны қайда тығуды көрсетіңіз. Балаға көмектесіп, оның қолын тесікке бағыттаңыз. Ол осы дағдыны меңгерген сайын өз көмегіңізді азайта беріңіз. Жетістіктері үшін баланы міндетті түрде мақтаңыз.

Пішіндерді тиісті тесіктердің қасына қойыңыз, сосын бала оларды тиісті жеріне салады. Әрбір дұрыс жауаптан соң баланы мақтап отырыңыз. Тесіктерді әртүрлі түстермен айналдырып бояп қойыңыз, бала қызыл шеңберді қызыл тесікке немесе көк үш бұрышты көк тесікке немесе сарғыш қызыл шаршыны сарғыш қызыл тесікке салатын болады. Бала бұл тапсырманы орындауды үйренген кезде бағыттағышты – яғни, түсті алып тастаңыз.

Бір түсті 4-5 сақинадан тұратын пирамиданы жинауды үйретіңіз.

Баланың алдына кему бағытына қарай жиналған пирамиданы қойыңыз.

Шашуды ұсыныңыз. Алдымен қақпағын, сосын сақиналарды алуды үйретіңіз. Бала пирамида жинауды білгеннен кейін оған ауызша нұсқаулар беріңіз: «Ең үлкен сақинаны алып, таяқшаға кигіз». Қалған сақиналардан ең үлкенін тағы тауып, өзекке кигізеді. Осылай бүкіл пирамида (ең үлкен сақинадан ең кішкентайына дейін) жиналуы тиіс.

4 матрешкадан тұратын матрешкаларды жинауды үйретіңіз.

Екі бірдей ойыншық алыңыз, сіз матрешканы жинаған сайын бала сіздің қимылдарыңызды қайталап көшіреді.

Бала матрешканы жинап жатқанда оған ауызша нұсқаулар беріңіз: Ең кішкентай матрешканы ал. Жарайсың! Енді қалғандарының ішінен ең кішкентай матрешканы тап та, кішкентайын ана үлкеніне сал.

Егер сіз 5 матрешкадан тұратын матрешканы қолданатын болсаңыз, балаға алдымен бастапқы екі ғана матрешка беріңіз. Көлемі бойынша одан кейінгі матрешканы ол өзі тапсын. Бұл оған оңай болады, өйткені аз заттың ішінен таңдауға тура келеді.

Матрешканы пайдалану міндетті емес, осы қағидамен құрылған басқа ойыншықтарды да алуға болады (жұмыртқалар, бөшекелер):

Геометриялық фигураны оның суреттегі бейнесіне қарап таңдап алуды үйретіңіз.

Бастар алдында балаға не істеу керек екенін көрсетіңіз. Допты және доп салынған суретті көрсетіңіз. Баладан соны жасауды өтініңіз.

Шеңберлерді, шаршыларды және үш бұрыштарды алыңыз. Бала пішінді таңдап алмаса болмайды. Бастағанда балаға көк шаршыларды суреті салынған көк шаршыларға іріктеуге беріңіз, түсі қосымша көмек болсын. Бала пішіндерді осы пішіндердің салынған суреттеріне іріктеп үйренгеннен кейін осы пішіндердің боялмаған (контурлық) сұлбаларына көшіңіз.

Балаға сызықтар сызуды үйретіңіз.

Борды, жуан қарындашты, түрлі-түсті қарындаштарды, маркерлер мен фломастерлерді пайдаланыңыз. Қағазды қабырғаға бекітіңіз. Бала сіздің жоғарыдан төменге дейін тік сызық жүргізгеніңізді қадағаласын. Баладан тура соны жасауды өтініңіз.

Егер қажет болса, оған көмектесіңіз. Соның көмегімен баланың сызығын төмен бағыттау үшін картон трафарет жасаңыз. Тура осылайша балаға көлденең сызықты, шеңбердің, шаршының, үш бұрыштың суретін салуды үйретіңіз.

Заттарды түсі бойынша іріктеуді үйретіңіз.

Қызыл және ақ екі түстен бастаңыздар; қызыл және ақ түсті бірнеше кубты іріктеп алыңыз. Кубтарды екі үймеге бөліңіз: қызылдарын біреуіне, ақтарын екіншісіне. «Қызылдарын мына жаққа, ақтарын мына жаққа», - деп айта отырыңыз.

Балаға кубтарды түсі бойынша өзі орналастыруды ұсыныңыз. Қажет болса, оның қолын бағыттаңыз, кубтарды үймеге дұрыс орналастыруға көмектесіңіз.

Сосын сіздің өтінішіңіз бойынша қандай да бір түстегі кубты көрсетуді үйретіңіз. Айналадағы басқа да тұрмыс заттарын пайдаланыңыз.

Бала түстерді атауы бойынша ажыратуды үйренген кезде одан алдымен түстерді сізден кейін қайталауын, сосын өзі атауын өтініңіз.

Бала екі түсті меңгерген кезде тағы бір көк қосыңыз, сосын бір-бірден: сары, жасыл, қара түстерді қосып отырыңыз. Баланың жетістіктеріне қуаныңыз, оны жиірек мақтап отырыңыз.

Психокоррекциялық жұмыс

Ж. ИРГАЗИЕВА

Үй жануарлары.

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсінік беру. Ұсақ қол моторикасын, зейін, ойлау, сөйлеу мотивациясын қалыптастыру.

Дамытушылық: Ойлау, сөйлеу, қабілеттерін арттыру, сөздік қорын молайту.

Тәрбиелік: Үй жануарларына қамқорлық жасау.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.

Көрнекілігі: үй жануарлары суреттері, слайд.

Қызмет алушымен амандасу.

Психологиялық сәт:

Ашық менің жүрегім,

Ылғи күліп жүремін.

Бірге ойнап, бір жүрер,

Достарым көп білемін!

Барысы: - Балалар, яғни, төрт түлік мал адам үшін ішсе сусын, жесе тамақ, кесе киім, мінсе көлік.

Төрт түлікке нелер жатады, білесіңдер ме?

Жылқы, қой, сиыр, түйе, ешкі жатады.

Суретпен жұмыс



«Суретінен таны» ойыны

Мынау не – жылқы

Мынау – ешкі

Мынау – қой

Мынау – сиыр

- Балалар, енді бұл жануарлар қалай дыбыстайды? Соны атап көрейік.

Түйе – боздайды

Қой – маңырайды

Ешкі – бақырады

Жылқы – кісінейді

Сиыр – мөңірейді

1-тапсырма. Жұмбақ шешу.

Басында екі таяғы бар,

Төрт аяғы бар.

Адам деуге болмайды,

Сақалы тағы бар. (Ешкі)

Қошақаным қоңырым

Мыңқ етпейтін момыным.

Түрі неткен әдемі,

Бұйра – бұйра тонының. (Қозы)

2-тапсырма. Тіл ұстарту жаттығуы

1. Зы-зы-зы

Моп-момақан қозы.

2. Шақ-шақ-шақ.

Құлдырайды құлыншақ.

3. Зау-зау-зау

Мөңірейді бұзау.

3-тапсырма. Қолдың бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығу.

«Шапалақта» жаттығуының бірінші шумағы ақырын дауыспен айтылған кезде, алақанды ақырын шапалақтап, екінші шумақты айтқанда қаттырақ соғады, қолды ырғақпен шапалақтайды.

Кел, балақан, балақан!

Шапалақта алақан!

Жай, жай, жай!

Қозғап барлық денеңді,

Қолды қатты соқ енді.

Сарт, сарт, сарт!

Достарым көп білемін!

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Қолымызды созамыз.
Аяғымызды басамыз,
Орнымызға отырамыз.

4-тапсырма.

Дидактикалық ойын: Төлдерін ата.

Жылқының – құлыны бар,
Қойдың – қозысы бар,
Түйенің – ботасы бар,
Ешкінің – лағы бар,
Сиырдың – бұзауы бар.

Арт терапиясымен жұмыс.

Шарты: құмға өз қалауларынша үй жануарларының суретін салғызу, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Қорытындылау: балаларды мадақтау, көңіл-күйлерін көтеру.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг

А. КАКИМЖАНОВА

Тренинг мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Тренинг міндеттері:

- адамдар арасындағы қарым-қатынастың мәнін түсіну;
- өз бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін білу, түзетуге көмектесу;

- сыныптағы өз орнын және өзінің ортасын танып білуіне көмектесу;

- сыныпта белсенді жұмыс жасауға түрткі, ниетті қалыптастыру;

Көрнекіліктер: «Топта жұмыс істеу ережесі» жазылған плакат, А3, А4 қағаз беттері, фломастерлер, қарындаштар, қобдиша, адамгершілік қасиеттері жазылған карточкалар, үлестірмелі смайликтер, доп, жіп.

Тренингтің жүру барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Тренингтің мақсат-міндеттерін хабарлау.

- Бүгінгі топтық-психологиялық тренинг тәжірибелік-психологиялық әдіс ретінде, коррекцияның негізгі құралы ретінде де қолданылады.

Мақсаты әр адам бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін, жағымды «Мен»

концепциясын қалыптастыру. Сондықтан тренингке барлықтарыңыздың белсенді, шын ниетпен қатысуларыңызды сұраймын.

III. Тренингке дайындық, ережесімен таныстыру.

- Тренинг – ойын, ал әрбір ойын ережелерді қажет етеді.

Топта жұмыс істеу ережесі:

1. Бір-бірін «Визиткада» көрсетілген есім бойынша, атау;
2. Біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды;
3. Болып жатқан іске белсенді қатысу;
4. Әркім өз пікірін білдіруге құқылы;
5. Пайда болған ой, сезімдеріңді осы жерде айт;
6. «Басынан аяғына» дейін жұмыс істеу.

IV. Негізгі бөлім.

а) Амандасу – «таныстыру» жаттығуы.

Нұсқау: әр қатысушы өз есімінің бірінші әрпіне қарай бойындағы жеке қасиетін қосып айту керек. Мысалы: мен – Бағила, бақыттымын...

ә) «Автопортрет» жаттығуы.

Нұсқау: әр қатысушыға қос беттен беріледі, өз сипаттамасын тек бір жағына ғана жазу керектігі және 2 минуттан кейін есімдері көрсетілген беттерді тренер жинап алатынын ескертеді.

Жаттығу шарты: Сізді таныс емес адаммен кездесу күтіп тұр делік, ол бірден сізді тану үшін өзіңізді сипаттап жазыңыз. Көпшіліктен өзіңізді ерекшелендіріп тұратын белгілеріңізді табыңыз. Бет-әлпетіңізді, жүрісіңізді, сөйлеу мәнеріңізді, киім киісіңізді, зейінді аударарлықтай ым-ишараларыңыз болса, т.б.

Рефлексия келесі жаттығу жүргізілгеннен кейін жасалады.

б) «Мен басқаның көзімен» жаттығуы.

Нұсқау: Тренер алдыңғы жаттығуда алынған автопортреттерді кезекпен оқиды. Қатысушылар кімнің портреті екендігін табу керек. Табылған портрет иесі ортадағы орындыққа отырады.

Жаттығу шарты: Портрет иесіне өзінің беті қайтарылып беріледі. Қалған қатысушылар ол жайында қандай пікірде екенін айтады. Өзін басқаның көзімен қандай екенін анықтауға мүмкіндік алады, өз бағалауымен сәйкес келген қасиеттері тұсына «+» белгісін қою керек, ал мүлдем өзі білмеген жақтарын беттің 2-жағына жазып, автопортретін толықтыруына болады.

Рефлексия: кімде қанша сәйкестік бар және жаңадан басқаның көзімен қанша қасиет қосқандығын шеңбер бойынша айтқызу.

в) «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.

Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ортада сиқырлы қоб-

диша тұрады. Сыйлықтар – қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер.

Жаттығу шарты: Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады.

Рефлексия: сонымен, қоршаған орта да осы қасиетке сізді лайық деп таныса, жеке-жеке қошемет көрсетейік. Сыйлықтарыңыз құтты болсын!

г) «Өрмекші торы» жаттығуы.

Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ойынға барлығы қатысуы тиіс. Жіп кімнен ілініп басталса, сонымен аяқталып өрмек жиналу керек.

Жаттығу шарты: Топта бірін-бірі жақын танығандықтан, әркім бірінші өзінің достарына айтар тілегін, қошеметін, жағымды қылықтарын білдіріп, жіпті саусағына іледі, өрмек тоқылды. Екінші кері бағытта, бірақ сол ізбен достарының бойына қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айту. Өрмекті жию.

Рефлексия: Айтылған тілектер мен сынды қабылдаймыз ба? Сын орынды айтылды ма? Бұл жаттығудың мақсаты да сол, «сын түзелмей, мін түзелмейді» дегендей, айтылған ескертпе, сындарды түзете білейік, тіпті болдырмайық.

Тыныштық сәтін ұйымдастыру.

IV. Қорытынды бөлім.

а) «Жүйрік ой» жаттығуы.

Мынадай сауалдарға ойша өзіңізге ғана іштей жауап беріңіз: (ақырын музыка әуені ойналады)

- Маған қажет қасиеттер, мыналар...
- Сол қасиеттердің кейбіреуі менің бойымнан табылады. Олар: ...
- Әлі де жетіспейтін, түзетуді қажетсінетін қасиеттерім мыналар ...
- Менің жанымнан мына адамдардың табылғанын қалар едім, себебі

...

Рефлексия: бұл жаттығуды орындап болғаннан кейін қандай сезімде болғаныңызды айтыңыз.

ә) «Кері байланыс» жаттығуы.

Оқушылар шеңбер құра отырады да, допты әрқайсысы кезекпен ала отырып, тренингтің өткізілуіне байланысты өз ойларын білдіреді:

- Тренингте ең бірінші не ұнады? Не ұнаған жоқ? Өзің жаңадан не білдің?

«Алған әсеріңіз қандай?» үлестірмелі карточкалар (смайликтер) арқылы анықтау.

Тренингке қатысушыларға рахмет айта отырып, тренингті аяқтау.

Ұжымға арналған психологиялық тренинг

Н. КЕНЖЕГАЛИЕВА

Мақсаты: ұжымда бірауыздылықты, ашықтықты, сенімділік деңгейін, эмоционалды еркіндікті орнатуға жағдай жасау.

Міндеті: қатысушылардың бір-бірі туралы көптеген мағлұматтар алу.

Әр қатысушыға өзін бір үлкеннің кішкене бөлшегі ретінде, ұжымның бір мүшесі ретінде сезінуі үшін ұжым ішінде жағымды ахуал орнату.

Топтың бірігуіне әсер ету.

Өтетін жері: жарық, кең, қарапайым бөлме.

Керекті құралдар: тренинг ережесі, арнайы әуен. Ақ парақ, плакат, маркер.

Негізгі іс-әрекет:

1. Сергіту жаттығуы «Мейірімді жануар»;
2. «Карусель» ойыны;
3. Психологиялық тест;
4. Релаксация жаттығу «Гүл бағында»;
5. «Біз – бір ұжымбыз!» бірігіп сурет салу;
6. «Достық алақаны» жаттығуы;
7. «Бірігіп ән айту» жаттығуы;
8. Рефлексия «Өз әсерлерімен бөлісу».

Кіріспе:

Сәлеметсіздер ме әріптестер?

Бүгінгі біздің кездесуіміз әрбіреуіңізге қызықты әрі қажет болады деген сенімдемін. Сіздерге қызықты әрі қажет болады деген сенімдемін. Сіздер бір ұжымсыздар. Бір ұжымда бірін-бірі білетін, алдына қандай мақсат қойғанын білетін, бойында қандай қасиеттер бар екенін білетін адамдар жұмыс істесе оңайырақ болады. Мүмкін сіздер де осы ойыммен толық келісесіздер.

Сол үшін бүгінгі кездесуімізді бір-бірімізді тануға арнағым келіп отыр. Олай болса, тренингімізді сергіту сәтінен бастасақ.

Сергіту жаттығуы «Мейірімді жануар»

Өзімізді бір бүтін топ ретінде сезіну үшін «Мейірімді жануар» жаттығуын ұсынамын. Шеңбер жасап бір-бірімізге иық тіресіп, қолдарыңыздан ұстаңыздар. Жануарлар дем алады. Бір қадам алға аттап дем аламыз. Бір қадам артқа аттап дем шығарамыз. Жануарлардың жүрегі соғады. Екі қадам алға, екі қадам артқа қадымда. Рахмет.

Екі топқа бөлініп, бір қатарға сап түзеп тұрыңыздар. 1-топ азанғы

ауысым, 2-топ түскі ауысым. Жарыс ретінде өтеді. Барлық тапсырманы біз үнсіз, жасауымыз керек. Мүмкіндігінше әр тапсырманы жылдам және дұрыс жасауға ұмтылуымыз керек.

тапсырма: бой-бойларыңызбен тұрыңыздар.

Тапсырма туылған күндеріңіз бойынша тұрыңыздар. 1 қаңтар басында, 31 желтоқсан соңында.

Тапсырма топтарыңыз бойынша сәби топ басында, ересек топ соңында.

Тапсырма: жастарыңызға байланысты жасы кішілер алдында, жасы үлкендер саптың соңында

Ойын аяқталды. Рахмет. (Қай топ жылдам әрі тез марапаттау)

«Карусель» ойыны. Топ мүшелері екіге бөлінеді. 1-топ ішкі, 2-топ сыртқы болып екі шеңбер жасайды.

Жетекшінің берген белгісі бойынша ішкі топ сағат тілі бойынша қозғалады. Жетекшінің белгісі бойынша тоқтайды. Бір-біріне қарсы тұрған екі ойыншы жұп құрайды. 2 минут ішінде жай әуеннің ырғағымен әңгімелеседі. Мүмкіндігінше бір-бірінің бұрын-соңды білмейтін жақтарын айту. Уақыт біткен соң кезекпен таныстырады.

«Өзіңізді білесіз бе?» Психологиялық тест. Тест адамдағы жетекші ми сыңарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл туа біткен нышан болып табылады, сондай-ақ өмір бойы өзгермейді. Алайда қатты толқығанда мидың жетекші бөлігі орын ауысып, өзгеріске түсуі мүмкін екендігін ескерген жөн. Нұсқау беріледі. Әрбір нұсқаудан кейін оң немесе сол қолдың жетекші болып табылатындығы анықталады. Оң қолға «О», сол қолға «С» белгілерін қойып өздеріңізге тән формулаларды анықтап аласыздар. Әр формула бойынша жеке-жеке оқылып беріледі.

Нұсқау:

1. Қолыңыздың саусақтарын айқастырыңыз. Сіз бір саусақтың ұдайы үстінде тұратынын аңғарасыз. (Оң немесе сол қол)

Оң саусақ. Сол саусақ

Аналитикалық ойлауы басым. Тым әсерленгіш, ойлануы басым.

2. Бір нысананы таңдап, оны қалам немесе қарындаш арқылы көздеп көріңіз

Оң көз. Сол көз

Сіздің мінезіңіз бірбеткей, табанды. Мінезіңіз жұмсақ және көнгіш.

3. Қолдарыңызды кеуде тұсына айқастырыңыз.

Оң қол үстінде тұрса. Сол қол үстінде тұрса

Сіз қарапайым, ақкөңілсіз. Назды қылықтарға бейім адамсыз.

4. Қолыңызбен шапалақтаңыз.

Оң қол ыңғайлы болса. Сол қол ыңғайлы болса.

Сізге батылдық тән. Сіз шешім қабылдар алдында жиі қобалжисыз.

Релаксация (босаңсу) жаттығуы «Гүл бағында»

Ыңғайлы отырып, көздеріңізді жұмып, терең дем алыңыз.

Төбеңіз алтын нұрға бөленіп тұрғандай елестетіңіз. Бар зейініңізді жарқырап тұрған төбеңіздегі күнге аударыңыз.

Алдыңыз ақ нұрға бөленіп, кеудеңізге шуақ шашып тұр деп ойлап, өзіңізді сағым арасында, әдемі гүлдің ортасындамын деп елестетіңіз.

Қараңыздаршы, гүл бағында гүлдер қандай көп. Әсем, әдемі гүлдер жайқалып өсіп тұр!

Бақтағы сайраған құстың даусы, сылдырап аққан судың сыңғыры құлаққа қандай жағымды естіледі! Бетімізге самал жел лебі еседі. Аңқыған гүлдердің хош иісі неткен керемет. Осы гүлдердің арасынан өздеріңізге ұнаған гүлдерді теріп алып, ең жақын, ең жақсы көретін адамыңызға сыйлаңыз.

Көзімізді жәймен ашып: «мен өзімді сергек сезінемін» деп айтыңыз.

«Біз – бір ұжымбыз» бірігіп сурет салу тренингі.

Қазір мына плакатқа өз ұжымдарыңыздың суретін салып араларыңыздан бір немесе екі адам шығып осы суретті қорғайсыздар. Бұл сурет бір қараған адамға қай ұжымның суреті екенін айтпай білетіндей етіп салынуы керек. Ендеше іске кірісейік. Іске сәт!

«Достық алақаны» жаттығуы.

Ақ парақтың бетіне әрбір қатысушы өз алақандарын басып салады. Астына өз есімдерін жазу керек. Қатысушылар стол үстіне парақтарын қалдырып, өздері парақтан параққа жылжиды. Тапсырма: алақан иесіне жақсы тілек немесе осы адамның бойында бүгін тренингте ұнаған жақсы қасиеттерін жазулары керек.

«Бірігіп ән салу» жаттығуы.

Топтың мүшелері бір-бірінің қолынан ұстап дөңгелене тұрады. Ыңылдау арқылы кез келген нота бойынша әндете бастайды. Осылайша олар бірте-бірте дөңгелектің ортасына бір-біріне жақындай қозғала бастайды. Олар бір ырғақпен музыканы бірге айтуға тырысулары керек. Тек сол кезде ғана олар бір-біріне деген жақындықты сезінеді. Жаттығудың шарықтау шегі – ойыншылардың хормен әндетуі.

Рефлексия «Өз әсерлерімен бөлісу»

Бүгінгі кездесуден өздеріңізге қандай жаңа нәрсе алдыңыздар?

Сіздерге не ұнады, не ұнамады?

Кездесуден алған әсерлеріңіз қандай?

Қорытынды.

Ақыл деген – өлшеусіз бір жарық нұр,

Сол нұрға тән қамы үшін жан жұмсап жүр.

Тағдырдың қиын сырлы сиқырымен.

Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.

Ақыл деген – денеге егулі дән,

Суарылса оған да кіреді жан.

Ақылдың өсіп, өніп зор аймағы,
Көрген, білген нәрседен ғибрат алған.

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез деген нәрселермен озады. Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан болады, - деп Шәкәрім бабамыз айтқандай, бүгінгі кездесуімізді осындай ұлағатты сөзбен аяқтағанды жөн көрдік. Осы сөз барлықтарыңызға бір ой салар деген үміттеміз. Сіздерге үлкен алғысымызды білдіреміз!

Ұжыммен жүргізілетін психологиялық қарым-қатынас

Б. СИХОВА

Мақсаты: Жеке тұлғаға өзіндік «Менін» тереңірек таныту, қызығушылығын ояту, өзінің адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру, өзіне деген сенімдік қабілетін дамыту, нығайту.

Көрнекілігі: түрлі-түсті қағаздар, қалам, фломастер музыка.

Психолог:

- Құрметті ұстаздар!

Мектебіміздің қоғамдық өмірінде де алатын орны, атқаратын рөлі өз мәніндегі ұстаз мамандардың ауызбіршілігін тудыру, көппен жұмыс істей білудің маңыздылығын, ерекшелігін тағы да айқындай түсу. Бүгінгі мақсат, айналамыздағы адамдарымызбен қарым-қатынасымыз қандай, олар кімдер, біз кіміз, өзімізді-өзіміз танимыз ба? деген сұрақтарға жауап іздеп, тұлғаның адами көзқарасын анықтау. Сіздерге сәттілік тілей отырып, тренингімізді бастаймыз.

Семинарға қатысушы мұғалімдер сыртқы және ішкі шеңберге бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Содан кейін музыканың ырғағымен бір-бірімен мынадай қимыл- қозғалыстар арқылы сәлемдесіп шығады: (алақанның сырт жағымен, саусақпен, шынтақпен, иықпен, т.б.

Тренинг барысы:

Мінез-құлқы, көңіл күйі, мақсаты, өмірлік бағыты, болмысы әртүрлі адамдарды түсіне білгенде ғана өмір қызықты да мәнді болады. Қоғамда қалыпты өмір сүруді өзгеден үйрене алмайсың, ол әрбір адамның жеке тәжірибесінен алынады. Өзгелермен қарым-қатынас барысында қайталанбас тұлға ретінде қалыптасамыз. Өмірде алуан түрлі тағдырлы, мінезді адамдар кездеседі. Олармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу – баға жетпес байлық. Осы байлыққа ие адам қоғамда өз орнын тауып, үйлесімді өмір сүре алады. Өмірді сол қалпында қабылдап қа-

дірлей біледі. Өзімен де басқамен де жарасымды өмір сүре алатындай тұлға ретінде қалыптаса алады.

Олай болса бүгінгі тренингіміз «Қарым-қатынас тренингі» деп аталады. Адамдармен қарым-қатынас жасау шеберлігі адамның ішкі мәдениетіне, біліміне, тәрбиесіне байланысты болады десек артық емес.

• Барлығымыз тыныштық сақтап, тыныштық сәтін орындайық.

Ары қарай тренингімізді жалғастырайық. Қанеки, барлығымыз мына сұраққа жауап беріп көрейікші. «Қарым-қатынас деген не?»

«Ойланайық, пікірлесейік»

1. Адами қарым-қатынас деген не?
2. Адами қарым-қатынас жасау адам өмірінде неліктен бағалы құндылық болып табылады?
3. Сөздің қарым-қатынас жасаудағы рөлі қандай?

Сахналау

Адами қарым-қатынастағы ең басты әдептілік бұл – сәлемдесу болып табылады. Қазақ халқында сәлемдесудің түрлері көп. Олай болса мынадай тапсырмаларды орындайық.

1. Ата, әжелердің амандық-саулық сұрасуын сахналау.
2. Мұғалім мен оқушылардың арасындағы сәлемдесуді сахналау.
3. Өз құрбыларымен сәлемдесуді сахналау.

Сахналау соңынан мына сұрақтарды талқылау:

1. Қалай амандасқан жөн деп ойлайсыздар?
2. Амандасу әдептілігі жайлы не білеміз?
3. Қазақ дәстүрінде сәлемдесудің қандай реттілігі қалыптасқан?

«Жағымды сөз» тренингі.

Балалар дөңгелене отырайық. Жүргізуші оң жағынан бастап бірінші отырған баланың көзіне тура қарап: «Айдар, маған сенің ақкөңілді мінезің ұнайды» дейді, Айдар «рақмет» деп келесі балаға бұрылып: Фатима, маған сенің әсем күлкің ұнайды» дейді, одан әрі Фатима рақмет айтады да келесі балаға бұрылады. Ең соңында жүргізушіге соңғы бала жағымды сөз айтады. «Жақсылық жасасаң, өзіңе қайтып келеді» деген сөзбен тренингті аяқтауға болады.

«Екі бақа туралы аңыз»

Екі бақа бірде сүттің бетіне түсіп кетеді. Содан бақалар тырмысып шыққысы келеді. Ешқандай шығатын жол таппаған бақаның біреуі ақыры қанша талпынсам да шыға алмаймын ғой, одан да өле салайын деп өзін – өзі өлімге қияды. Ал екінші бақа қайтсем де шығамын, шығатын жол табамын деп, талпына береді, талпына береді, ақыры шайқалған сүттің бетіне қаймақ тұрып, бақа сыртқа шығады.

(Осы аңыз нені айтқысы келеді және аңыздан қандай ой түйдіңіздер? Әр топ өзара ақылдасып, шешімдеріңізді ортаға салыңыздар)

Орыстың психолог-ғалымы И. Панариннің тест-сауалнамасы бойынша адамның тұлғалық қасиетін анықтау мақсатындағы 4 түрлі пішінді қалауларыңыз бойынша таңдап алыңыздар. Фигураларды тарату.

Төртбұрыш

Бірінші топты таңдағандар өте еңбекқор, төзімді, өз жұмысының шебері, бастаған істі аяғына дейін жеткізетін жандар.

Үшбұрыш

Екінші топты таңдаушылар көшбасшылық қабілеті бар, алдына қойған мақсатына жететін жандар.

Тіктөртбұрыш

Үшінші белгіні қалағандар жаңа идеяға жақын,білуге құмар,ізденгіш жандар.

Овал

Соңғысын таңдағандар өте мейірімді, өзгенің қайғысын, қуанышын бөлісуге даяр тұратын жандар.

«Сыйлық» ойыны

Мақсаты: рефлексия процесін күшейту, ұжымда жағымда психологиялық ахуал орнату, топ мүшелерінің бір-бірін түсінуге, ұжымда тұлға аралық қарым-қатынастың маңызды сапаларын ашу.

Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Қазір сіздер бір-бірле-ріңізге, яғни өзіңіздің сол жақта тұрған көршіңізге (сағат тілімен) сыйлық сыйлайсыз. Көршіңізге қандай сыйлық жасайсыз, сыйлықты үнсіз (вербальды емес) ым-ишара арқылы көрсетіп бересіздер. Сіздің көрші-ңіз нендей сыйлық сыйлап жатқанын түсінетіндей жасау керек. Барлығы сыйлықтарын алып болғанша ештеңе айтылмайды. Барлығы үнсіз жасалады.

Талқылау:

1. Көршіңіз сізге қандай жасанды сыйлық жасады деп ойлайсыз?
2. Қандай сыйлықты сыйлағанын сіз тез түсіндіңіз бе?
3. Сізге сыйлық ұнады ма?
4. Қандай әсерде болдыңыз?

Қорытынды:

Адами қарым-қатынастағы игі әрекеттердің бірі-тіл табысу және өзара түсінісу болып табылады. Қолдан келгенше кикілжіңді болдырмауға әрекеттенген дұрыс. Тіл табысудың басты кілті-кешірім болып табылады. Өмірде адамдардың ашулану, ызалану сезімін тудыратын жағдаяттар болып жатады. Сол жағдаяттар өзара қарым-қатынастың бұзылуына әкеліп соғады. Оларды мәдениет тұрғысынан шешкен абзал.

Тренингке қатысқандарыңызға рақмет!

Мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларына психологиялық қолдау

Г. САГИНБАЕВА

Мақсаты: Оқушылардың ҰБТ-ге деген жағымсыз нәрселерден, қорқыныш, қобалжу, үрей секілді түрлі сезімдерден арылуға көмектесу;

Түлектердің өздерін ұстауға, өздеріне деген сенімділіктерін арттыруға және жағымды көңіл-күй тудыруға жағдай жасау.

Бұл психологиялық қолдаудан біз қандай нәтиже күтеміз?

- Оқушының өз-өзіне деген сенімділігі артады;
- Тұлғаның бойында қобалжу деңгейі төмендеп, сенімді мінез-құлық дағдылары дами түседі;
- Жетістікке жетудегі қабілеттері қалыптасады;
- Оқушының бойында жағымды психологиялық ахуал орнап, көңіл-күйлері жоғарылайды.

Сұрақ-жауап:

- Қобалжу дегеніміз не?
- Адам қандай жағдайда қобалжиды?
- Үрей дегеніміз не?
- Қобалжу, қорқу, үрейді жеңуге бола ма?

Оқушылар екі топқа бөлініп тапсырма орындайды.

1-топ – Үрейден арылу жолдарын тауып, кеңес беру.

2-топ – Үрейдің адамдарға әсері қандай?

Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орындағаннан кейін, ары қарай жаттығуларды орындамас бұрын «Көңілді күн» әнімен балаларды билетіп, көңіл-күйлерін көтеріп аламыз.

«Мәселені жою» жаттығуы: Оқушылар үрей мен қорқыныштың суретін қағаз бетіне бейнелеп, содан соң «Мен үрей мен қорқынышты жеңе аламын» деп суретті мыжып қоқыс салғышқа тастайды.

«Биіктік» жаттығуы.

Мақсаты: Тұлғаны өмірлік жетістіктеріне жету мақсатына талпындыру, сенімділігін нығайту.

Жаттығу барысы: Қатысушылардың біреуі шығады. Оған мынадай нұсқау беріледі: «Қабырғаға жақын тұр, сосын секір. Қай жерге дейін секіргенін белгілеу. Мұнан соң тағы да былай деймін: «Енді барынша жоғары секір. Төбеге дейін жетуге тырыс. Секіріп жеткен жеріңді белгіле».

«Мен – күнмін» тренингі. Мақсаты: оқушының өз-өзіне сенімділігін арттыру. Сыныптың ынтымақтастығын, бірігуін бақылау, ұлдар мен қыздар арасындағы достық, ұлдардың қыздарды қорғауы, сыйлауын байқау.

Нұсқау: Күннің суретін салып, ортасына оқушы өз есімін жазады. Шашырап тұрған әр сәулеге бала өзінің жақсы деген қасиетін, жетістігін, өнерін жазады.

«Тілектер» жаттығуы: Қатысушы оқушылар бір-біріне лебіздерін таратылған жүрекшелерге жазып, шеңбер бойымен беріп шығады.



ҚАЗАҚ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ҚОҒАМЫ



Құрметті әріптестер!

«Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігі және «Қайнар» Академиясының «Педагогика, психология және әлеуметтік пәндер» кафедрасы ғалымдар мен мамандарды, пс.ғ.д., профессор, ҚазҰЖҒА академигі М.Ә. Перленбетовтың 60 жылдығына орай өтетін **«Психология ғылымы мен тәжірибесінің қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешудегі ролі»** атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға және «Қазақ психологиялық қоғамының» II съезіне қатысуға шақырады.

Өтетін күні мен уақыты:

2021 жылы 17 мамыр күні сағат 12:00. (Нұр-Сұлтан уақытымен).

Өткізілу форматы: ZOOM онлайн платформасы (Конференция идентификаторы: 685 763 9975, кіру коды: 4455)

Конференцияның негізгі бағыттары (секциялары):

1. *Пандемиядан туындаған әлеуметтік-психологиялық қиындықтар: оқшауланудың тұлғаралық қарым-қатынасқа тигізген зардабы және оның әлеуметтік көріністері;*
2. *Полиэтностық қоғам психологиялық зерттеулерде (кросс-мәдениеттік, этностық, отбасылық, гендерлік және басқа да аспектілері);*
3. *Практикалық және қолданбалы психологиядағы қазіргі психотехнологиялар;*
4. *«Қазақ психологиялық қоғамы» – қазіргі заманғы интеграциялық тенденциялар және даму перспективалары.*

Конференция үш тілде жүргізіледі: қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Конференция материалдарында жариялану үшін мақаланы **2021 жылдың 10 мамырына** дейін **mereika78@mail.ru** электрондық почтаға жіберу қажет.

Материалды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Мәтін 3-7 параққа дейінгі көлемде MS Word редакторында терілуі тиіс;
2. Шрифтi: Times New Roman немесе Times New Roman KZ, кегль – 14, жоларалық 1 интервал болуы керек;
3. Парақтың параметрлері: үстіңгі және астыңғы жағы – 20 мм, сол жағы – 30 мм, оң жағы – 15 мм, азат жол басындағы бос жер – 1 см;
4. Бір жолдан кейін орта тұсында – баяндаманың атауы БАС ӘРІП-ТЕРМЕН (ҚАЛЫҢ ШРИФТИМЕН) беріледі;
5. Бір интервалдан кейін (бос жолдан кейін) баяндаманың атауының астында – орта тұсында автордың есімі, әкесінің есімі мен тегі кіші әріптермен (қалың шрифтiмен) беріледі;
6. Төменірек-мемлекеттің атауы, қала, жұмыс орындалған мекеменің атауы, ғылыми атағы, қызметі жазылады;
7. Бір интервалдан кейін абзацтан бастап – баяндаманың (ғылыми мақаланың) тікелей мазмұны жарияланады;
8. Қолданылған әдебиеттерге сілтеме квадратты жақшада көрсетіледі. Мысалы: [1, С. 12]. Әдебиеттер тізімінің автоматты нөмірленуіне жол берілмейді. Мәтінде тізімнің нөмірленуі қолмен жасалады;
9. Мақала мәтіні мұқият оқылып, редакциялануы тиіс. Авторлар мақалалардың мазмұны, мақалада келтірілген фактілердің, дәйексөздердің, статистикалық және басқа мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты (рәсімдеу үлгісін төменнен қараңыз).

Рәсімдеу үлгісі:

**ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ДАМУ**

Қайдарова Назерке Тоқтамұратқызы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
№45 мектеп-гимназиясы

Мәтін

Әдебиеттер:

1.

2.

Материалдар ұқыпты тексерілген және баяндамаларды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек. Редакция алқасы аталған талаптарға сай рәсімделмеген және уақытынан кеш тапсырылған мақалаларды қабылдамауға

құқылы. Мақалалардың қабылдануы жөніндегі ақпарат 3 күннің ішінде Сіздің электрондық адресіңізге жіберілетін болады.

Конференция өтілуі бойынша сұрақтарыңыз болса, келесі мамандарға хабарласуларыңызға болады:

тел.: +7 747 8980752, +7 701 6878 45 – Мейрім Анарбекқызы Еркінбекова,
+7 747 5867889 – Акмарал Амангелдіқызы Давлетова.

«Психология ғылымы мен тәжірибесінің қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешудегі ролі» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысушысының

ТІРКЕЛУ ПАРАҒЫ

Тегі, есімі, әкесінің есімі (толық)	
Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері (мекен-жайы)	
Тең авторлар (тегі, аты-жөні, толық) (болса көрсетіледі)	
Мекен-жайы, телефондары	
E-mail	
Баяндаманың (мақаланың) атауы	
Секцияның нөмірі мен атауы	
Сіз таңдауыңыз керек: Секция отырысында баяндама жасаймын. Конференцияға тыңдаушы ретінде қатысамын. Сырттай қатысуға ниеттімін .	
Қажетті техникалық құралдар (ZOOM, не басқа платформа)	

Материалдарды жариялауға мүдделі әріптестеріңізді конференция туралы хабардар етулеріңізді сұраймыз.

Ұйымдастыру жарнасын Kaspi bank қосымшасында +7 701 377 5797 Мира Е. тел.номеріне аударым жасау арқылы төлеуге болады.

Ұйымдастыру жарнасы туралы: егер конференция материалдарын қағаз түрінде (баспадан шығарылған) алғыңыз келсе, жарна – 4000 теңге, электрондық нұсқасы (сілтемесі беріледі) және сертификат керек болса – 2000 теңге. Жинақтың қағаз түріндегі нұсқасын пошта арқылы жіберу қосымша ақы негізінде жасалады.

ТМД және алыс шет елдік ғалымдардың еңбектері электрондық жинақта тегін жарияланады.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБАЙДИЛЬДАНОВА Салтанат Адильбековна – А. Жұбанов атындағы РКМММИ міндетті фортепиано бөлімінің ұстазы. Алматы қаласы.

АБИКЕЕВА Назым Нурганатқызы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті, Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Психология мамандығының 4-курс студенті. Алматы қаласы.

АЛСЕЙТОВА Гулдари Халықжанқызы – №94 орта мектептің педагог-психологы. Жанқожа батыр ауылы, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

ӘЛДИБЕК Айгерім Талғатқызы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті, Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Психология мамандығының 4-курс студенті. Алматы қаласы.

БЕДЕРОВА Меруерт Темирханқызы – №6 жалпы білім беретін мектебі КММ-нің педагог-психологы. Тегісшілдік ауылы, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы.

ЕРГАРАЕВА Маржан Шымбергеновна – ЖШС «Бота» ясли балабақшасы тәрбиешісі. Ақай ауылы, Қармақшы ауданы, Қызылорда облысы.

ЖАЙЛАУОВА Ақерке Қымбатбекқызы – М. Әуезов атындағы жалпы орта мектептің әлеуметтік педагогы. Шардара қаласы, Түркістан облысы.

ЖАНЫМХАНОВА Ботакөз Тойшыбековна – №4 ПМПК «Алматы қалалық мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделу орталығы» КММ дефектологы. Алматы қаласы.

ИРГАЗИЕВА Жанар Муратовна – Құрманғазы ауданының зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы КММ психологы. Атырау облысы.

КАКИМЖАНОВА Айжан Айдаровна – «Абай атындағы қазақ орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» КММ психологы. Ұшарал қаласы, Алакөл ауданы, Алматы облысы.

КЕНЖЕГАЛИЕВА Надежда Сериккалиевна – «№49 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ҚОЖАЕВА Сәнім Қожақызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты. Нұр-Сұлтан қаласы.

САГИНБАЕВА Гүлмира Жақсылыққызы – Екібастұз жалпы орта білім беретін мектептің психологы. Төртүй ауылы, Екібастұз қаласы, Павлодар облысы.

СИХОВА Бибигул Усербаевна – Ш. Жексенбаев атындағы ЖОББМБК-нің мектеп психологы. Бөкей ордасы ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ТҰРСЫНБЕК Айжан Қуатқызы – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №7 жалпы білім беретін лицей орта мектебінің информатика пәні мұғалімі. Талғар қаласы, Алматы облысы.